МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №47 (6498) 11 маусым, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

САРАПТАМА

МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСЫ

Оңтүстік Корея президентінің Орталық Азияға сапары басталды

3

ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ТАҒЫ 86 ТҰРҒЫН ҮЙЛІ БОЛДЫ

4

ЕҢБЕК АДАМЫ

АУЛАСЫ ҒАЖАП АЗАМАТ

7

ӘКІМ

МҰЗДАҚ КӨЛДЕР МҰҚИЯТ ТЕКСЕРІЛДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қалалық Төтенше жағдайлар департаменті, «Қазселденқорғау» ММ басшылығымен бірге, Ақсай өзенінің бассейнінен Кіші Алматы өзенінің бассейніне дейін Іле Алатауы жотасындағы биік таулы мұздақ көл мен мұздықтардың, сел бөлігі мен қауіп ошағының жағдайын тікұшақпен барлап, тексеріп шықты. Оған қоса, селден қорғау нысандары бақыланды.

2

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАСТАРҒА ГРАНТ БЕРІЛДІ

Алматыда Zhasproject байқауының жеңімпаздарына 1 млн теңгенің сертификаты табысталды

Алматы қаласы Алатау ауданының комьюнити-орталығында Zhasproject жобасы аясында шағын гранттар конкурсының жеңімпаздарына номиналы 1 000 000 теңге болатын сертификаттар салтанатты түрде табыс етілді.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жоба NEET санатындағы жастардың бастамаларын қолдауға және жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

2024 жылғы байқаудың қорытындысы бойынша Алматыда 20 жеңімпаз анықталды. Олар маусым айында әлеуметтік жобаларды іске асыруға кіріседі. Грант қаражатына олар қаржыландыру аяқталғаннан кейін жас кәсіпкерлерде өз жобаларын кейіннен іске асыру және дамыту үшін қажетті жабдықты сатып ала алады.

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.06.2024

Түнде:
+21+23 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+33+35 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

12.06.2024

Түнде:
+20+22 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+30+32 °С
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 18м/с

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

ӘКІМ

МҰЗДАҚ КӨЛДЕР МҰҚИЯТ ТЕКСЕРІЛДІ

Айнабай МӘДИ

(Басы 1-бетте)

Қаламыздың биік тау баурайында 51 мұздақ көл бары белгілі. «Асау мінездісі» – соның алтауы. Кіші Алматы өзені бассейніндегі №6, Үлкен Алматы бассейніндегі №10, 13 көлдері мен Ақсай өзені бассейніндегі №8, 9, 10 көлдер. Байқалғаны, қаламыздағы сел қаупінің тұрақтылығы. Бұл жағдай айрықша бақылауға алынды. Көлдердің көп бөлігі 65–70 пайызға толы. Су деңгейінің қауіпсіз белгіде екендігі осыдан білінеді.

Осы күні тауларымызда ауа температурасы 5-6°С. Шілдеде биік таулы аймақтағы орташа айлық температура 7–15°С шегінде болады. Қазгидрометтің ұзақ мерзімді болжамынша, жазда тауларда ауа температурасының жоғарылауы күтілуде. Нормадан асатын (22°С дейін) кезі болуы мүмкін. Селдің алдын алу бағытында мұздақ көлдердің суы ағызылмақ. Шаһардың жергілікті бюджет резервінен осы мақсатқа 36,3 млн теңге бөлінген. Осы қаражатқа су ағызу арнасын тазарту, тереңдету үшін өнімділігі жоғары сорғы, сифон құбыры, дәнекерлеу аппараты мен басқа да жабдықтар сатып алынады.

Шаһар басшысы Е.Досаев тау өзендеріндегі гидрометеорологиялық ахуал, су тасқыны, көшкін мен сел жағдайына тұрақты бақылау жүргізу мен күшейтуді тапсырды. «Қазселденқорғау» мекемесінің мамандары 10 тұрақты, 3 маусымдық бекетте (пост) бақылау жүргізеді. 20 маусымнан кейін қалған 10 маусымдық бекетте бақылау басталады.

ФУТГОЛЬФ

СПОРТТЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТАДЫ

Бұл сөзді Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында Халықаралық футгольф федерациясы мен Қазақстан футгольф федерациясының өкілдері айтты. Қазір әлем бойынша осы бір ерекше спорт түрінің танымалдығы артып келеді. Футгольф – гольф пен футбол ойындарының қосындысынан туған спорт. Ережесінде спортшылар барынша аз соққымен бірнеше шұңқыры бар алаңнан өтуі керек, бірақ гольф добының орнына олар кәдімгі футбол добымен ойнайды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Халықаралық футгольф федерациясының президенті Александр Краванья Қазақстанның осы спорт түрін дамыту үшін айтарлықтай әлеуеті бар екенін атап өтті.

«Біз Қазақстанда футгольфты дамытудың үлкен әлеуетін көріп отырмыз. Қазақстандықтар осы спорт түрімен айналысуы үшін футгольфтың барлығына қолжетімді болғанын қалаймыз. Қазақстандық футгольф федерациясы спортты ел ішінде кеңінен насихаттап, дамытатынына сенімдімін», – деді ол.

Оның пікірінше, футгольф дамыса, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, жаттықтырушылық қызметке және алаңдарға қызмет көрсетуге байланысты жаңа жұмыс орындарының ашылуы мүмкін. Ол сондай-ақ, спорттық жабдықтар мен қызметтер саласындағы шағын және орта бизнесті дамытуы мүмкін.

Қазақстан футгольф федерациясының президенті Ербол Бұхарбаев ойынның танымалдылығы артып келе жатқанын түсіндірді.

«Қазақстандық футгольф Федерациясы 2019 жылы құрылды, ал халықаралық футгольф федерациясы 2012 жылдан бері жұмыс істейді. Бұл – өте қарқынды және тез дамып келе жатқан спорт түрі. Сондай-ақ, ол экономикалық жағынан да, экологиялық жағынан да тиімді, өйткені ол үлкен инвестициялар мен шығындарды қажет етпейді және ресурстарды аз қажет етеді, бұл оны экологиялық тұрақты спорт түріне айналдырады», – деді ол.

Сондай-ақ, туристік тартымдылық тұрғысынан футгольфты туристік нысандар мен курорттарға біріктіру белсенді демалыс түрлерін іздейтін қосымша туристерді тарта алатынын атап өтті. *«Сонымен қатар, спорттық туризмнің дамуына ықпал етеді»,* – деп нақтылады ол.

Биыл қазан айында футгольфтан «Алтын Орда Кубогы» Халықаралық чемпионатын өткізу жоспарланған. Ерлан Исаев Халықаралық чемпионат – спорттық жарыстардың әлемдік күнтізбесіндегі маңызды оқиға екенін атап өтті.

Брифингке қатысқан Қазақстан футгольф федерациясының вице-президенті Әділ Ердесов аталған спорт түрін елімізде кеңінен насихаттауға шақырды.

«Өкінішке қарай, бүгінгі таңда бұл спорт түрі Қазақстанда Батыс елдері мен Еуропадағыдай танымал емес. 18-19 қазанда посткеңестік елдер, сондай-ақ Еуропа, Америка қатысатын «Алтын орда» үлкен кубогы өтетінін хабарлаймыз. Жаңа спорт түрі ретінде оның деңгейін көтермекпіз», – деп атап өтті ол.

БАЙЫПТАМА

КИБЕРШАБУЫЛҒА – КИБЕРҚАЛҚАН

Қырғызстанда лаң салған хакерлік топ нені ескертті?

Мамырда Бішкектегі жергілікті тұрғындардың шетелдік студенттерді ұрып-соғу әрекеті енді ел басына таяқ болып тигендей. Өздерін Team Insane Pakistan деп атаған пәкістандық хакерлік топ Қырғызстанға жаппай кибершабуыл жасады. Олар өз әрекетін зардап шеккен пәкістандық студенттер үшін кек алу деп түсіндірген.

Бұдан бұрын газетімізде Бішкектегі жаппай тәртіпсіздікке қатысты оның себебі мен салдарын талдаған сараптама жарияланған болатын. Көрші елге қатысты кезекті оқиғаның да назар аудартарлық салмағы зор. Алдыңғы оқиға миграция, қоғамдық тәртіп және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қамтыған болса, бұл жолы киберқауіпсіздік мәселесінің өзектілігін аңғартқандай. Сол үшін де Алатаудың арғы жағындағы тізбекті оқиғаларға бір сәт назар аударып, өзімізге де қатысты тақырыпты қаузай кетудің реті келіп тұрғандай.

Киберқауіпсіздік саласы әлсіз бе?

Өткен аптада Қырғызстан өз тарихында ең ірі кибершабуылға тап болды. 630 мыңнан аса қырғызстандықтың аты-жөнінен тартып, жеке деректері, сондай-ақ, идентифкация нөмерлері ғаламторға жарияланып кетті. Мұндай шабуылды Team Insane Pakistan атты хакерлік топ өз мойнына алды. Әрі өз әрекеттерін Бішкекте соққыға жығылған пәкістандық студенттер үшін кек алу екенін айтқан. Бұған қоса, хакерлік топ Қырғызстан үкіметіне өз талаптарын да қойған, яғни шетелдік студенттерді ұрып-соғуға қатысты кінәлілерді лайықты жазаға тартпаса, алдағы уақытта бұдан да зор шабуыл ұйымдастыратынын жеткізген.

Қырғыз ақпарат құралдарының жазуынша, жеке деректері жарияланғандар арасында қарапайым азаматтардан тартып, жоғары лауазымды тұлғаларға дейін бар. Ең қызығы, елдегі киберқауіпсіздікке жауап беретін мемлекеттік органдардың жетекшілері де нысанаға іліккен. Айталық, жарияланған тізімде Президент әкімшілігіне қарасты цифрлық даму бөлімінің бұрынғы жетекшісі Азамат Буржуевтің және Ұлттық қауіпсіздік қызметі жанындағы Киберқауіпсіздікті үйлестіру орталығының басшысы Қуанышбек Молдасариев секілді тұлғалар бар. Өзге де үкімет жетекшілері, депутаттардың да есімдері кірген. Тіпті, Қырғызстанның Ұлттық қауіпсіздік қызметінің жетекшісі Қамшыбек Ташиевтің де жеке деректерін қолға түсірген.

Бұған қарап, хакерлік топтың осынау әрекеті арқылы әлеуметтік назарды барынша бұруды көздегенін байқаймыз. Өткен аптадан бері бұл оқиға қырғыз ағайындар арасында ең негізгі талқыға түскен тақырып болды. Әлеуметтік желіде түрлі көзқарастар айтылуда, кейбірі елдің киберқауіпсіздік саласының әлсіздігін сынаса, енді бірі өткен айдағы дүрбелеңді сынға алуда.

Жеке деректер қайдан алынған?

Жеке деректерді қорғау бойынша мемлекеттік агенттік кибершабуылды растады, әрі алғашқы мәліметтерін жария етті. Агенттіктің мәліметіне қарағанда, хакерлер қырғызстандықтардың жеке дерегін салық қызметінің сайты арқылы ұрлаған. Аталған веб-сайтта азаматтардың жеке дерегі олардың «Жеке кабинетінде» сақталады. Оған пайдаланушылар тек логин және кілтсөз арқылы, я болмаса жеке сәйкестендіру нөмірінің көмегімен кіре алады. Олай болса, хакерлер сонша көп жеке дерекке қалай қол жеткізген? Қырғызстандық IT мамандарының болжауынша, бұның бірнеше жолы бар. Ең негізгі жол – серверге қол жеткізу. Ол үшін хакерлер серверге кіру мүмкіндігіне ие қандай да бір ресми тұлғаның логины мен кілтсөзіне қол жеткізген болуы мүмкін. Үшінші жолы – деректерді серверден тікелей көшіріп алу. Соңғы тәсілінің мүмкіндігі аз, соған қарай отырып ресми тұлғалар арқылы серверге кірген болуы мүмкін деген болжам көбірек сәйкес келеді.

Салдары қандай?

- ***Жалған құжаттар көбейіп кетуі мүмкін;***
- ***Қаржылық алаяқтыққа қолайлы шарт түзіп береді;***
- ***Тұлғаның атынан банктен несие рәсімдеу оқиғалары;***
- ***Микроқаржы ұйымдарынан несие рәсімдеу әрекеттері;***
- ***Тікелей бопсалау әрекеттері болуы мүмкін.***

Күн тәртібіндегі мәселе

Цифрлы дамудың жеделдеуімен бірге киберқауіпсіздік мәселесі қазір мемлекеттер үшін маңызды бола түсті. Жақын болашақта киберқауіпсіздікке жұмсайтын шығындар қорғаныс шығындарының ауқымды бөлігін иеленуі мүмкін. Мамандардың пікірінше, COVID-19 пандемиясынан кейін адамдардың цифрлық жүйелерге тәуелділігі күрт жоғарылады. Бұдан 20 жыл бұрын, яғни 2004 жылы әлем елдерінің киберқауіпсіздік үшін жұмсайтын жалпы шығыны небары 3,5 миллиард доллар болған. Ал 2021–2025 жылдар аралығында әлем елдері киберқауіпсіздікке жұмсайтын қаражаты 1,75 триллион доллардан асады деп болжануда. Себебі, бизнестің, жеткізу тармақтарының, қызмет өтеу кәсіптерінің тез қарқынмен цифрлануы киберқылмыстардан азаматтарды және мүліктерді қорғаудың шығынын да өсіре түскен.

Кейінгі жылдары Батыс елдері мен Қытай арасында хакерлік топтар арасындағы бәсеке қарқынды жүрді. Қытайлық хакерлік топтардың шабуылдарынан қорғану үшін АҚШ «Бес көз» елдерімен ынтымақтастықты дамыту үстінде. Себебі, бұл саладағы жеңіліс ұлттық қауіпсіздіктің ең үлкен қатеріне айналуы мүмкін. Соның өзі киберқауіпсіздік мәселесінің өзектілігін көрсетіп тұрса керек.

Қырғызстандағы оқиға жалпы Орталық Азия елдерінің киберқауіпсіздік мәселесіне назар аударуға шақырғандай. Турасын айтқанда, бізді қамтыған аймақтағы геосаяси, экономикалық іс-қимылдар күн санап артуда. Соған қарамастан, аймақ елдері цифрлық даму жағынан әлі де әлем көшінің қарқынына ілеса алмай келеді. Интернет жылдамдығынан тартып, ақпараттық қауіпсіздікке дейінгі күрделі мәселелер жедел дамытуды күтіп тұрғаны анық.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

САРАПТАМА

МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСЫ

Оңтүстік Корея президентінің Орталық Азияға сапары басталды

Орталық Азияға Оңтүстік Корея президенті Юн Сок Ёльдің сапары басталды. Мемлекеттік сапар аясында ол 10–16 маусым аралығында ресми Ашхабад, Астана және Ташкент қалаларында болып, екітарапты бірнеше меморандумға қол қойылады деп күтілуде. Бұл сапардың басты ерекшелігі сол, Оңтүстік Корея мен Орталық Азия елдері арасында «Корея–Жібек жолы» өңіраралық жобасының негізі қаланады. Аталмыш бірегей жобаның экономикалық, мәдени, логистикалық әлеуеті жоғары. Мақаламызда Оңтүстік Кореяның Орталық Азиядағы мүддесі мен қарым-қатынасының болашағын талдап көрелік.



(Дереккөз: Ақ Орда баспасөз қызметі).

- ***Оңтүстік Корея Республикасы Қазақстанның экономикасына салымды инвесторлардың ондығына кіреді. Кейінгі 18 жылда Қазақстанға 9,2 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Сонымен бірге, 2022 жылы Кореядан келген тікелей инвестицияның жалпы ағыны 85 пайызға артып, 2023 жылы 1,5 миллиард долларды құрап, рекордтық көрсеткішке жетті. Қазіргі уақытта елімізде кореялық KIA, Hyundai, Samsung және LG сынды танымал компаниялардан бөлек 700-ден астам корей кәсіпорны жұмыс істейді.***

«КОРЕЯ–ЖІБЕК ЖОЛЫ» БАҒЫТЫ ҚАНДАЙ?

Оңтүстік Корея, Орталық Азия елдерімен жеке, екітарапты байланысқа қарағанда, аймақ деңгейінде өңіраралық стратегиялық бастаманы жүзеге асыру тиімді деп тапты. Себебі, Орталық Азия аймағы Оңтүстік Корея үшін алымды табиғи ресурстарға бай аймақ. Бұл жөнінде Корея президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі хатшысы Пак Чун Сеоп өткен жұма күні Сеулдегі президент кеңсесінде өткен брифингте: «Алдағы аптадағы мемлекеттік сапар Оңтүстік Корея мен Орталық Азия елдері арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге негізгі бастама болады», – деп атап өтті.

Корея президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісінің орынбасары Ким Тэ Хё бұл сапардың оңтүстік кореялық компаниялар үшін энергетика, маңызды минералдар және басқа салаларда жаңа бизнес мүмкіндіктерін жасауға және климаттың өзгеруіне қарсы әрекет сынды салалардағы ынтымақтастықты әртараптандыруға негіз болатынын атап өтті. Келесі жылы Сеулде Орталық Азия және Корея Республикасы арасында алғашқы саммит өткізу жоспарланып отыр. Саммит «Корея–Жібек жолы» жобасына бастамашы болып, жоба аясында өңір арасындағы байланыс нығая түспек. «Корея–Жібек жолы» өңіраралық жобасы негізгі төрт әріптестік бағыттан тұрады:

- *Табиғи ресурстар саласындағы әріптестік;*
- *Біртұтас даму бойынша әріптестік;*
- *Мәдениет және азаматтар арасындағы байланыс;*
- *Үкімет және жеке сектор арасындағы әріптестік.*

Иә, Оңтүстік Корея үшін Орталық Азия елдері ауқымды нарық, логистикалық хаб, геосаяси түрде ерекше маңызға ие. Украин жеріндегі саяси шиеленіске орай көптеген ресейлік экономика салаларына санкция салынуы себепті көптеген кореялық жобалар Орталық Азияға қоныс аударып еді. Қазіргі күні Орталық Азия елдері Корея үшін негізгі шикізат көзінен бөлек, ұзақ мерзімді стратегиялық маңызға ие аймаққа айналып отыр. Оңтүстік Корея мен Орталық Азия елдерін біріктіретін ортақ құндылықтар бар.

Біріншіден, қазіргі күні Орталық Азия елдерінде мыңдаған этникалық кәрістер тұрады. Қазақстанның өзінде корей ұлты өкілдері 100 мыңнан асады. Сондықтан өңір арасында болашақта экономикалық байланыстан бөлек, жоғары технологиялар мен инфрақұрылымдық жобалар аясында тәжірибе алмасу, сондай-ақ білім және мәдениет салаларындағы ынтымақтастық арта бермек.

ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ

Сейсенбіде Корея Республикасының президенті Юн Сок Ёль елімізге мемлекеттік сапармен келеді. Сапар аясында бірнеше екітараптық өзара түсіністік бойынша меморандумға қол қойылып, жергілікті этникалық корейлермен және жергілікті бизнес өкілдерімен кездесу жоспарланған.

Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы саяси байланыс бүгінде берік орнықты. Екі ел арасында мазмұнды және тұрақты саяси диалог орнауы, өңірлік және халықаралық мәселелер бойынша біздің ұстанымдарымыз ұқсас болуына байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёльмен 2023 жылдың қыркүйегінде БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде кездесіп, Қазақстан–Корея стратегиялық әріптестігін одан әрі дамыту перспективалары талқыланған еді. Бұл жолғы мемлекеттік сапар аясында қос ел саяси байланыстың келесі деңгейіне шығатын болады.

Экономикалық тұрғыда Қазақстан Оңтүстік Кореяның Орталық Азиядағы негізгі сауда серіктесі, кореялық экспорттың 51%-ы Қазақстанға тиесілі. Екіжақты сауда 2017 жылғы 1,53 миллиард доллардан 2019 жылы 4,22 миллиард долларға жеткен еді. Пандемияға байланысты сауда 2020 жылы 3,09 миллиард долларға дейін төмендегенімен, қазір екі ел арасындағы сауда айналымы 6 миллиард доллардан асты.

Саяси және экономикалық ынтымақтастықтан басқа, Қазақстанда тұратын 100 мыңнан астам этникалық корейлері бар корей диаспорасы өзара байланыстың маңызды бөлігі. Қазақстанда корей өкілдерінің қатысуымен тіркелген 1081 кәсіпорыннан басқа 500-ден астам корей компаниясы сәтті жұмыс істеуде.

Этникалық корейлерден бөлек, Оңтүстік Корея қазақстандық еңбек мигранттарының негізгі бағыттарының бірі болып отыр. Атап айтқанда, Қазақстан азаматтары арасында еңбек миграциясы артып, ресми статистика бойынша 15000-нан астам отандасымыз бүгінгі күні Корея Республикасында еңбек етуде.

Қос мемлекет арасындағы байланыста білім беру саласы ынтымақтастықтың өте өзекті саласы. Ғылыми зерттеулер жоғары оқу орындары арасындағы байланыстың жаңа бағыты болмақ. Себебі, қазірдің өзінде қос ел арасында ғалымдар, оқытушылар мен студенттер арасында академиялық тәжірибе алмасу бағдарламалары жақсы жолға қойылып отыр.

Жалпы, Оңтүстік Кореяның Орталық Азия аймағына қатысты сыртқы саясаты Кореяның «Орта держава» мемлекеті ретіндегі аймақтағы айқын мүддесін көрсетеді. Бұл тұрғыда, өңіраралық байланыстан бөлек Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы байланыс прагматикалық құндылықтарға негізделген орта держава мемлекеттері арасындағы қатынас деп түсінсек болады.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

АДАСҚАННЫҢ АЛДЫ – ЖӨН, АРТЫ – СОҚПАҚ

«Отан-ана» деген ұғым бар. Отан да анаңдай. Ал әке – ұраның. Жер-анада дүниеге келіп, оның жұпарын жұтып, нанын жеп, суын ішесің. Су демекші, ата-бабаң туған, тұрған жердің кермек суының өзі бал татитыны бар. Отан-анаға қызмет етесің. Менің түсінгенім, атамекеннен алыс жүрсең, соғұрлым оның қадір-қасиетін терең түсінесің.

Бастан өткен соң айтамыз, біз де атамекеннен алыста жүріп, енді елге оралдық. Отанымның, атамекенімнің бір уыс жусанын иіскеймін деп, сағынып жеттік. Оның топырағын иіскеп, шаттықтан мас болғандаймыз. Бабаң туған жерге көкірегінді тоссаң, шемен боп қатып қалған жүрегінді жібітесің, қайғы-қасіретіңді ұмытасың.

Осыншама тебіреніп отырған себебім, жастарымыздың Отан-ана қадірін түсіну керек. Қоршаған ортаның қадірін түсінуі тиіс. «Әсіреқызыл тез оңар» деген қанатты сөз бар. Жастар туған жұртының тілін білу – міндет, ділін түйсініп, дәстүрін дәріптеуі керек. Мемлекетіміз зайырлы болғанымен, жергілікті ұлт бабасы ұстанған діннен безінбеуі тиіс. Ата-баба салтсанасы осы емес пе?

Қоғамымыздағы жат ағымға ілесіп, балағы қысқа болса да, сақалы ұзын жас өрімнің айналамыздың опыр-топырын шығарғанын көрдік. Күні кешегі «Қаңтар оқиғасы» – соның айғағы. Жат діннің жетегімен, жастықтың желігімен адасқан жастардың көшеде кезіккен дүниені қиратты. Айдың-күннің аманында қаншама кәсіпкер шығынданды. Оның шығынын есептеп, мемлекет төлеп жатыр. Кімге пайда, кімге залал? Міне, ойланбай істелген әрекеттің кесірі. Бұл шақта арандатушылардың алдыңғы шепте тұрғаны аян. Жастардың қолымен от көсеген де солар.

Бір ғана Алматының өзінде қаншама дүкен қиратылып, тоналды. Қаншама «Сергек» камерасы сынғаны мәлім. Қандықолдардың ел өміріне, оның экономикасына елеулі зардап әкелгенін айтпай тұра алмаймыз. Кінәлілер жазасын алар. Бірақ теріс көзқарастағы жастарды қалай жөнге саламыз? Міне, қоғамның өзекті мәселесі.

«Қаңтар оқиғасы» байланысты тергеу кезінде кей жастар осындай қылмысқа не үшін барғанын білмейтін болып шықты. Сонда, арандап қалғаны ма? Түсініксіз. Осының өзі қоғамдағы қарама-қайшылықты білдіреді. Жастар арасында отаншылдыққа, патриоттыққа байланысты көп жұмыс жүргізу керектігі көзге ұрып тұр. «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» деген сол. Адасқандар үйірін табу керек, сонда айыбы кешірілмек. Сол жолда қоғамымызда жастармен нақтылы жұмыс істеу қажет.

Убайдулла ФАЙЗУЛЛАЕВ, зейнеткер.

ҚОРШАҒАН ОРТА

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БАРШАҒА ОРТАҚ МӘСЕЛЕ

Алматыда Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай ауқымды экологиялық акция өтті. Қала тұрғындары мен қонақтары белсене қатысқан акция Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. Іс-шара бағдарламасы қайта өңдеу үшін арналған шикізат жинау (қалдықтардың 17-ден астам түрі қабылданды), қайырымдылық ұйымдары үшін заттар жинау (киім, кітап, аяқкиім, тұрмыстық заттар және т. б.), кітап алмасу, өсімдік алмасу, дармарка («сен қажетсізді әкелесің, өзіңе қажеттісін аласың») секілді бағыттарды қамтыды.

Ернұр РЫСБАЙ

Қайта өңделетін материалдар тізімінде әдеттегі пластик пен макулатурадан басқа электронды және құрамында сынабы бар қалдықтар, мерзімі өткен дәрі-дәрмектер, консервілер, түрлі-түсті шыны қабылданды.

– Негізгі мақсат – тұрғындарды экологиялық тазалықты сақтауға, сондай-ақ экобелсенділікті арттыруға шақыру. Біздің экологиялық науқан қала тұрғындары арасында тазалық мәдениетін қалыптастыруға атсалысу. Бүгінгі шараға келушілер өздерінің ескі заттарын қайта өңдеуге тастай алады. Сонымен қатар, тұрғындар бұл жерде қоқыстарды сұрыптап, табиғатқа өз пайдасын тигізуге мүмкіндік алуда. Жалпы бұл шараға 1000 жуық адам қатысты. Бәрімізге белгілі болғандай, қазіргі уақытта экологияны қорғау үшін қалдықтарды дұрыс қолдану маңызды. Сонымен қатар, «Комунити» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен тұрғындар ескі кітаптарын жаңа кітаптарға алмастырды. Қоршаған ортамызды аялайық, – деді эколог маман, ұйымдастырушы Пакизат Сайлаубекова.

Айта кетейік, мұндай эко-акциялар ағымдағы жылдың 8 сәуір мен 8 мамыр аралығында өткен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны кезінде қала тұрғындары тарапынан үлкен сұраныс пен белсенділік көрсетті. Акциялардың бірінде небәрі 4 сағаттық жұмыс кезінде 2,2 тоннаға жуық қайта өңделген шикізат пен 2,7 тонна қайта пайдалануға болатын заттар жиналды, бұл келушілер мен қолөнершілердің арқасында қаншама зат екінші өмір тапқанын есептемегенде. Акцияға келушілер саны да экология мәселелеріне бей-жай қарамайтын тұрғындардың саны да әр уақытта артып келеді.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ТАҒЫ 86 ТҰРҒЫН ҮЙЛІ БОЛДЫ

Биыл Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен «халықтың әлеуметтік осал топтары» тізімі бойынша пәтер кезегінде тұрған азаматтарға қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан жалға берілетін 2000 пәтер беру жоспарланды. Оның ішінде 400 пәтер жетім балаларға берілетін болады.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Көпбалалы отбасыларға, ардагерлерге және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға жалдамалы тұрғын үй берілді. Айта кетейтін жәйт, бұл – тұрғын үй берудің бесінші күні. Бұған дейін бес жүзге жуық отбасы жаңа пәтер кілтін алған болатын. Естеріңізде болса, 25 мамырда Наурызбай ауданында «Alem CITY-2» ТК-де, Наурызбай ауданының «Шұғыла» ықшамауданында орналасқан 3 үйде ХӘОТ қатарынан бірінші кезекте тұрған 124 адамға, 28 мамырда дәл осы мекенжайда орналасқан 6 үйде ХӘОТ қатарынан 164 адамға, 30 мамырда 105 тұрғынға, 5 маусымда 111 адамға пәтер кілті табысталғанын жазғанбыз. Бүгін де баспана бақытына бөленгендердің қатары көбейді. Медеу ауданының Халиуллин көшесіндегі «Медеу Сити» ТК-де орналасқан үйге барлығы 86 үш бөлмелі пәтер кезекте тұрғандарға берілді.

«Бүгінгі таңда қала бойынша 44 мыңнан астам адам үйдің кезегінде тұр. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарындағы азаматтарға пәтер кілтін табыстадық», – деді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқарма басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы.

ХӘОТ санаттары бойынша кезекте тұрғандардың қатарында:

1) Жетім балалар – 7;
2) 1 және 2-топтағы мүгедектер – 6;
3) Жеңілдіктері бойынша ҰОС-ға теңестірілген ардагерлер – 6;
4) Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасы – 18;
5) Толық емес отбасылар – 49.

ТІЛСІЗ ЖАУ

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ

Түрксіб ауданының ТЖБ өрт сөндіру қызметкерлері «Фтизиопульмонология орталығында» тілсіз жаудың алдын алу үшін дайындық іс-шараларын өткізді.

Дәл осы орталықта жер сілкінісі салдарынан өрт шыққан еді. Оқиға кезінде ол жерде медицина қызметкерлері мен науқастар болған. Оқу-жаттығу жиынына Төтенше жағдайлар қызметінің өкілдері мен медициналық мекеме қызметкерлері қатысты. Мақсаты – тілсіз жаудың алдын алып, өрт болған жағдайда жедел әрекет ету.

Ғимараттағы қызметкерлер мен науқастар дабыл қосылғаннан кейін дереу сыртқа шығып, ғимараттың алдына жиналды. Төтенше жағдай қызметінің жеке құрамы арнайы техникалармен өртке қарсы оқу-жаттығудан бөлек, өрт қауіпсіздігі бойынша ережелермен таныстырды.

Құтқарушылар өрт сөндіргішті қолдану, алғашқы медициналық көмек көрсету, науқастарды эвакуациялау бойынша нұсқаулар берді. Іс-шараға барлығы 2 бірлік арнайы техника, 6 құтқарушы, 50 науқас және 70 медицина қызметкері қатысты.

Г.МАРАТҚЫЗЫ.

ДИЗАЙН-КОД

Мегаполисте көпқабатты тұрғын үйлердің сыртын әсемдеу жұмыстарына ден қойылып келеді. Мәселен, биыл Алматы қаласының Наурызбай ауданындағы 8 көпқабатты үйдің қасбеті жаңартылады.

ҚАЛА СӘУЛЕТІНЕ СӘН БЕРЕДІ

Алматыда тұрғын үйлердің эстетикалық келбетін жақсарту жалғасуда

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Наурызбай ауданында барлығы 579 көпқабатты тұрғын үй бар. Бұған дейін «ЖҚЖК-2020» бағдарламасы аясында бес көппәтерлі тұрғын үйдің қасбеттеріне жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Алайда, қазіргі уақытта 1960–1980 жылдар аралығында салынған тағы он үйдің қасбеттерін жөндеу қажет. 2024 жылы бюджет қаражаты есебінен сегіз көпқабатты үйдің қасбеттеріне ағымдағы жөндеу жүргізілетін болады. Бұл жоба тұрғын үйлердің сыртқы түрін жақсартуға және олардың тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Жөндеуге жататын үйлердің мекенжайлары:

«Қалқаман» ш/а, Жансүгіров көшесі, 31 және 33 үйлер; «Ақжар» ш/а, Дәулеткерей көшесі, 162, 166 және 7 үйлер; «Рахат» ш/а, Көкдала көшесі, 10 және 17 үйлер, «Таусамалы» ш/а, Рысқұлов көшесі, 86.

Қасбеттерді жөндеу ғимараттардың эстетикалық келбетін жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар ғимараттарды ылғалдан, көгеруден және тұрғындардың денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін басқа факторлардан қорғауға көмектеседі.

Бұдан басқа, әзірленген дизайн-код аясында Наурызбай ауданының аумағында бірыңғай сәулеттік стильге келтірілген ақпараттық құрылыстар орнатылады. Сондай-ақ, көше жиһаздары мен муралдардың жаңа элементтері пайда болады. Бұл ауданға бірегей және заманауи көрініс береді.

Қазіргі уақытта конкурстық рәсімдер жүргізілуде, ал құрылыс-монтаж жұмыстарын 2024 жылдың 30 қарашасына дейін аяқтау жоспарлануда. Бұл жоба Наурызбай ауданының барлық тұрғындары үшін неғұрлым қолайлы және тартымды қалалық орта құруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚҚА АБОНЕМЕНТ ЕНГІЗІЛУІ МҮМКІН

Алматының көлік жүйесін дамытудың маңызды бағытының бірі – ақылы тұрақ аймағын кеңейту арқылы ретсіз тұраққа қарсы күрес.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Мегаполисте жақын маңдағы үйлердің тұрғындары үшін ақылы тұраққа абонемент енгізу мәселесі қарастырылуда. Қалалық мобильділік басқармасы атап өткендей, тұрақ кеңістігін дамыту жоспары бүкіл қала үшін бірыңғай тұрақ типологиясын және ашық тарифтік жүйені енгізуді көздейді.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес, «Алматы паркинг» коммуналдық кәсіпорны жақын маңдағы үйлердің тұрғындары үшін абонементті енгізу тетігін әзірлеп жатыр.

«Жергілікті тұрғындар басымдыққа ие болады, олар үшін тұрақ орындарын қайта ұйымдастыру, әсіресе, Алматы орталығының резиденттеріне таптырмас нәрсе. Жергілікті тұрғындар арнайы рұқсат алады. Автокөлікті автотұрақ аймағында (үйдің айналасындағы бірнеше блок) абонемент бойынша қоюға болады. Абонемент сатып алған автокөлік жүргізушісі тұраққа сағаттық төлем төлемейді», – деді «Алматы паркинг» басшысы Владимир Ни.

Оның айтуынша, жеңілдікті санаттарға жататын адамдар үшін арнайы режим қарастырылады. Атап айтқанда, ҰОС қатысушылары мен мүгедектері, басқа мемлекет аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, I және II топтағы мүгедектер, Семей ядролық полигонындағы сынақтар салдарынан зардап шеккен мүгедек баланың заңды өкілдері, көпбалалы аналар, сондай-ақ қызметтік міндетін атқарып жүрген мемлекеттік автокөлік жүргізушілері.

«Олар тегін тұраққа рұқсат алады деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар, мотоциклдер мен электромобильдердің иелері үшін 50 пайыздық жеңілдік қарастырылған», – деді Владимир Ни.

Алдын ала жоспар бойынша абонемент 3, 6 немесе 12 айға арналады. Биыл тамыз-қыркүйек айында енгізіледі деп болжанып отыр. Айта кететін нәрсе, ақылы автотұрақ пен айыппұлдан түсетін түсімдер көлік жүйесін дамытуға және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға бағытталады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ ЖАБЫЛАДЫ

«Алматы жылу желілері» ЖШС мамандарының хабарлауынша, Алматыда Жүргенов көшесіндегі учаскеде көлік қозғалысы шектеледі.

2024 жылғы 8 маусым мен 15 қыркүйек аралығында Алматы қаласының Медеу ауданында Жүргенов көшесі бойынша Жетісу көшесі арқылы Тянь-Шань көшесіне дейін Жангелдин көшесінен автокөлік қозғалысы жабылады. Қозғалыс екі жаққа да жабылады.

1988 жылдан бастап пайдалануға берілген, аталған көше сегментінің жүріс бөлігінің астынан өтетін ұзындығы 695 метр құбырды реконструкциялау учаскесінде жоспарлы жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін уақытша шектеулер енгізіледі. Бұл құбыр 18 көппәтерлі тұрғын үйді, 61 жеке үйді, 1 балабақшаны, 1 мектепті және 13 өзге де объектілерді жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етеді. Жоғарыда көрсетілген тұтынушылар реконструкция кезінде ыстық сумен жабдықталады.

«Алматы жылу желілері» ЖШС уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және көрсетілген учаскені айналып өту жолдарын алдын ала қарастыруды сұрайды.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

сатып алудан бұрын тұтынушылар нені білуі керек?

Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасы мамандарының мәліметінше, былтыр жыл басынан бері соттарға заңнама мен құрылыс нормаларының талабын бұзғаны үшін 230 талап-арыз жолданған. Бұл ретте 96 нысан толық немесе жартылай бұзуды талап етеді.

Мамандардың айтуынша, бұзуға жататын нысандардың ішінде тұрғын үй кешендері (ТҮК) мен таунхаустар бар, міндетіне салғырт қараған құрылыс салушылар олардағы бірқатар пәтерді сатқан.

Көбінесе құрылыс салушылар қолданыстағы заңнамаға сәйкес үлескерлердің қаражатын тарту үшін 3 қабатқа дейінгі тұрғын үйлерге рұқсат талап етілмейтіндігін пайдаланады. Бұл көбінесе бастапқы жылжымайтын мүлік нарығындағы күмәнді мәмілелерге ықпал етеді.

Бұл жағдайда тексеру мен сот талқылауын жүргізудің құқықтық нормасында белгіленген рәсімдерінің ұзақтығы міндетіне салғырт қараған жауапсыз құрылыс салушыға заңсыз нысанда пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың белгілі бір санын сатуға мүмкіндік береді.

Көпшілікті хабардар ету үшін Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасы жүйелі түрде БАҚ-та қала тұрғындарын құлақтандыру үшін жылжымайтын мүлік сатып алуға ұсынылмайтын тұрғын үй кешендері туралы ақпарат жариялайды. Алайда, жылжымайтын мүлік нарығындағы мәміледегі шығындарды болдырмау үшін құрылыс салушыдан толық рұқсат құжаттарын талап ету немесе Қала құрылысын бақылау басқармасының **+7 705 896 60 00 WhatsApp** анықтамалық арнасы арқылы тиісті құжаттарының бар-жоғы туралы сенімді ақпарат алу қажет екенін ұмытпаған жөн. Қала құрылысы және урбанистика басқармасынан құрылыс салушыдан үлескерлердің қаражатын тартуға рұқсаттың болуы туралы ақпарат алуға болады.

Егер тұтынушы жылжымайтын мүлікті заңсыз нысанда сатып алса, құрылыс салушы қаражатты қайтарудан бас тартқан жағдайда Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментіне және құқық қорғау органдарына өтінішпен жүгінуі керек. Басқарма сонымен қатар, осы нысандардың бірқатары неліктен жартылай салынғанын және олардың құрылысы бастапқы кезеңде қандай себеппен тоқтатылмағанын түсіндірді.

– Қазіргі таңда сәулет-құрылыс бақылау органдары құрылыс нысандарына кедергісіз бару құқығынан айырылды. Жоспардан тыс тексерулер ҚР Кәсіпкерлік Кодексімен регламенттеледі және тек ресми өтініш негізінде жүргізіледі. Осылайша заңсыз құрылыс фактісін тіркеу және құрылыс салушыға шара қолдану үшін жоспардан тыс тексеру жүргізу қажет», – делінген аталмыш басқармада.

Ресми өтініш алғаннан кейін материалдарды жинаудың және тексеруді ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің басқармасында тіркеу процесі жүреді. Тексеру қорытындысы бойынша бұзушылық анықталған жағдайда, оларды жоюға және құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұруға нұсқама беріледі. Нұсқама мерзімі өткеннен кейін тексеру субъектісі нұсқама талаптарының орындалуы туралы ақпарат беруге тиіс. Егер бұзушылық жойылмаса, материалдар жұмыстарды тоқтата тұру және әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы процестік шешім қабылдау үшін мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотқа жіберіледі. Содан кейін нысанды бұзу туралы азаматтық тәртіпте сотқа талап-арыз жіберіледі. Сот үдерістері нысанның көлеміне және істің күрделілігіне байланысты бірнеше айға созылады.

Айта кету керек, заңсыз құрылыс мәселесі Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың ерекше бақылауында. Қала басшысының тапсырмасымен мегаполис бойынша талап қою қызметінің нәтижесіне сәйкес, өткен жылдан бастап 35 заңсыз нысан толық немесе жартылай бұзылды. Оның ішінде бизнес орталықтар, мейрамханалар, қосалқы ғимараттар мен автосервистер, сондай-ақ «Мечта» және KHAN сияқты ірі тұрғын үй кешендері бар.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕККҚЫЗЫ.

ТАҒЗЫМ

ЕРЛІККЕ ҚОЙЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ

Жетісу ауданының аумағындағы Орталық зиратта Отан үшін жанын қиған жауынгердің зираты жатыр. Оның кім екені белгісіз болса да, аудан тұрғындары жыл сайын басына барып, рухына тағзым етеді.

– Ауданымыздың ардагерлері бас болып, жыл сайын атаулы күндерде «Белгісіз солдат» қабіріне келіп, ерлікке тағзым етіп отырамыз. Біз жастарға ерлікті дәріптеу үшін үлгі болуымыз керек. Соғыс ардагерлері онсыз да азайып барады емес пе? Ұлы Жеңісті жақындатқан аға ұрпақтың есімі мен ерлігін жаңғыртып отыру – біздің парызымыз. Бізде «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» деген жақсы сөз бар. Жауынгер белгісіз жан болса да, оның қабірі қараусыз емес. Жақында ғана қабірдің басына барып, тазалық жұмыстарын жүргізіп қайттық, – дейді Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы.

Рая ЕСКЕНДІР

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

СУ УАҚЫТША ТОҚТАЙДЫ

«Алматы Су» МКК мамандарының хабарлауынша, қалада 12 маусым, сағат 00.00-ден 14 маусым, сағат 08.00-ге дейін сумен жабдықтау желілерінде технологиялық жабдықты ауыстыру бойынша жоспарлы профилактикалық жұмыстар жүргізілетін болады.

Осыған байланысты Жетісу ауданында Рысқұлов – Лобачевский – Сейфуллин – Ақпаев көшелерінің контурында суық су беру уақытша шектеледі. Жұмыс барысында Түрксіб ауданының Рысқұлов даңғылы – Сейфуллин даңғылы – Жұмабаев көшесі – Жансүгіров көшесінің контурындағы су қысымының төмендеуі күтілуде.

Бекіткіш арматураны және өзге де технологиялық жабдықты ауыстыру жөніндегі жұмыстарды уақытылы орындау аталған учаскелердің тұтынушыларын сапалы және тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік нысандар үшін автоцистерналармен су тасымалдау жүзеге асырылады. Сала мамандары уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұрайды.

«Алматы Су» МКК диспетчерлік қызметі: 274-66-66.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА

ЖАҢСАҚ ХАБАР

БАННЕР ЖОЙЫЛДЫ

Алматы әкімдігі тау бөктеріндегі «Орлов моншасы» құрылысы жөніндегі ақпаратты жоққа шығарды.

Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасының мәлімдеуінше, Медеу жолындағы Керей–Жәнібек хандар көшесіндегі аумақта құрылыс-монтаждау жұмысының басталғаны жөнінде хабарлама түспеген. Меншік иесі (жеке тұлға) нысанның құрылысын жобалау алдындағы құжаттаманы алмаған.

Визуалды тексеру кезінде аумақта (учаскеде) құрылыс жүргізілмегені расталды. «Орлов моншасы» жарнамасы бар баннер жойылды. Сол аумақта салынып бітпеген нысан Алматының бұрын жарияланған құрылысы ұзаққа созылған нысандар тізіміне енгізілген.

Айнабай МӘДИ

P.S.

Басқарма құрылысы тоқтатылған нысанда заңбұзушылықты анықтаған. Нұсқама талабы еленбеген жағдайда сот талқылауынан соң кезекті жоспардан тыс тексеру жүргізілетіні айтылды. Бұрын меншік иесі ұсынған ақпаратқа сай, жоспардан тыс тексеру кезінде берілген нұсқама толықтай орындалмаған.

ФОРУМ

ҮЗДІК ӨНЕРТАПҚЫШТАР АЛМАТЫДА ЖИНАЛДЫ

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласында Central Eurasia Venture Forum өтті. Іс-шараға IT-компаниялардың, венчурлық қорлардың, стартаптар мен басқа да көптеген технологиялық компаниялардың басшылары мен негізін қалаушылары қатысты.

Досбол АТАЖАН

Бұл форум – орталық Еуразия аймағындағы және одан тыс жерлердегі венчурлық инвестициялар, стартаптар мен инновациялар саласындағы жетекші ойыншыларды жинаған маңызды оқиға. Форумның ашылу салтанатында ҚР цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев және Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Олжас Жаңабек қатысты. Алғысөзді айтқан министр стратегиясының басым бағыттарының бірі венчурлық нарық пен инновациялық экожүйені дамыту екенін атап өтті.

«Біз инновациялық хабтар құру және халықаралық акселерациялық бағдарламаларды іске қосу арқылы кәсіпкерлерімізге шетел нарықтарына шығуға белсенді түрде көмектесеміз. Silkroad Innovation Hub аясында кәсіпкерлер АҚШ нарығына шығуға қолдау ала алады. Жақында ғана біз Оңтүстік-Шығыс Азиядағы стартаптарды қолдау үшін Сингапурда Nomadiq Innovation Hub және Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка нарығына шығу үшін Эр-Риядта Al-Farabi Innovation Hub аштық. Өткен жылы Дүниежүзілік банктің қолдауымен «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасы аясында 27 стартап Кремний алқабында Draper University-де алты айлық бағдарламадан өтті. Бағдарлама жақсы нәтижелер көрсетті. Мысалы, Citix Тим Дрейперден 100 миллион доллар көлемінде инвестиция алды», – деді Жаслан Мәдиев.

Жаслан Мәдиев биыл шілде айында Draper University кампусында бес апталық акселерациялық бағдарламадан өту мүмкіндігіне ие болатын Hero Training бағдарламасының жаңа легіне өтінімдер қабылдау жарияланатынын хабарлады. Сондай-ақ, министр Дүниежүзілік банкпен бірлескен «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасы аясында b2b-стартаптарға арналған жетекші акселератор Alchemist Accelerator-мен жаңа бағдарламаны іске қосу туралы айтты. Бағдарламаның мақсаты – жоғары әлеуетті стартаптарды анықтау және олардың өсуіне жәрдемдесу, оларға АҚШ нарығына шығуға көмектесу.

– Біздің жобамыз – медициналық қосымша. Адамдар бұл желінің телефонға орнатып, өзіне қажет медициналық көмекке, яғни екпе алуға, дәрігерге қаралуға өтініш бере алады. Қосымша бос уақыты бар әр саланың медициналық қызметкерлерін біріктіреді. Мұнда адамдардың бағалауына қарай дәрігерлердің рейтингі болады, соған қарап адамдар өзіне ұнаған маманды таңдай алады. Бүгінгі күні желімізде 150-ге жуық дәрігеріміз және 2 мыңдай қолданушымыз бар. Негізінен орналасқан жеріміз Астана. Алайда, қазір алматылықтарға көрсетіп, оңтүстік астанамызда іске қоссақ деп отырмыз, – деді TakeCare жобасының өкілі Махаббат Боранбай.

Айта кеткен жөн, форум серіктесі VISA-ның Startup Battle жарысында үш стартапқа 20 000 долларлық чек табыс етілді. Сондай-ақ, форумда «ESG факторларын бағалау және олардың Қазақстанның әртүрлі салаларындағы венчурлық инвестициялар мен нарыққа әсері» тақырыбында зерттеу таныстырылды.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

МАЙ ӨНДІРІСІ:

сала мамандары меморандумға қол қойды

InterContinental Almaty қонақүйінде «FOC 2024: Fats and Oils Conference» май және тоң май өнеркәсібі көшбасшыларының үшінші халықаралық конференциясы өтті.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қазақстанның майлы дақылдарды қайта өңдеушілердің Ұлттық қауымдастығы ұйымдастырған іс-шараға Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылары, 40-тан астам қазақстандық май зауытының топ-менеджерлері, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, саланың жетекші сарапшылары мен халықаралық талдаушылар, алыс-жақын шетелдерден келген қызметі май саласымен тікелей байланысты 180-ге жуық делегат қатысты.

Келелі жиында алғашқы болып сөз сөйлеген Қазақстанның майлы дақылдарды қайта өңдеушілер Ұлттық қауымдастығының төрағасы Ядыкар Ибрагимов аталмыш саланың Қазақстан нарығындағы маңыздылығын атап өтті.

– Құрметті қонақтар, еліміздің ең әсем қаласы Алматыда өтіп жатқан конференцияға қош келдіңіздер! Май өнеркәсібі саласы әлеуметтік маңызы бар өнімдер бойынша азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де, тұтастай алғанда елдің агроөнеркәсіптік кешенін – Ауыл шаруашылығы, құс шаруашылығы, мал шаруашылығы, құрама жем өнеркәсібі, қайта өңдеу, экспортын дамыту үшін де орасан зор маңызға ие. Сондықтан май саласы өкілдерінің бір алаңда бас қосуы өте маңызды. Мұндай іс-шаралар мемлекетіміздің май саласын дамытуға оң әсер ететініне және әріптестік қатынастарды жолға қоюға, сондай-ақ қазақстандық брендті жаһандық нарықта дамытуға ықпал етеді. Барлығыңызға конференцияда нәтижелі және табысты жұмыс, жаңа таныстар мен іскерлік байланыстар, өзара тиімді келісім-шарттар мен инвестициялар, табыс пен өркендеу тілеймін! – деді қауымдастық төрағасы.

Қазақстандық май өндірушілердің алдында тұрған үлкен мәселе – логистика. Отандық өнім әлемнің көптеген елінде сұраныска ие болғандықтан майлы дақылдардың егіс көлемі ұлғайып, оның экспорты да артып келеді. Сыртқы нарыққа шығып, жеткізу географиясын кеңейтуді көздеген әріптестікті нығайту бүгінгі халықаралық форумда мүмкін болды. Сала мамандары серіктестікті дамытуда меморандумға қол қойды.

– Сала серпінді дамып келеді. Бұны бүгінгі келген қонақтарымыз бен сала жетекшілеріне қарап айтуға болады. Үшінші жыл қатарынан өткізіліп отырған форумға қатысуға ниет білдірген компания өкілдері де ынтымақтастықтың артқанын қалайтыны сөзсіз, – деді ҚР Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев.

Май өнеркәсібі – республикадағы ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Конференцияға қатысушылар «Мемлекет басшысының оң бағытын алға тартып, өнімнің сапалығына баса назар аударуымыз керек» дейді. Жиында Қазақстанның Орталық Азияның күнбағыс майына деген қажеттілігін толығымен өтей алатыны сөз болды.

– Негізгі мақсат – май өндірісіндегі ең маңызды проблемаларды анықтап, оны шешу. Басты меже – 2028 жылға дейін өндіріс экспортын едәуір арттыру. Орталық Азиядағы халықтың жыл сайынғы өсуін ескере отырып, күнбағыс майына деген қажеттілік тек арта түседі. Тәжікстанда 2022 және 2023 жылдары Қазақстанның өсімдік майын жеткізудегі үлесі 70 пайызға дейін өсті. Сондай-ақ, Өзбекстан мен Ауғанстан нарығына май өнімдерін жеткізу үлесі артып келеді, – деді «Майлы дақылдарды өңдеушілер» ұлттық қауымдастығының төрағасы Ядыкар Ибрагимов.

Қауымдастықтың болжамы бойынша, өсімдік майлары мен ақуызы жоғары жемшөптердің Қытайға экспорты 2026 жылға қарай 3 млн 300 мың АҚШ долларына жетеді. Конференция барысында сондай-ақ, азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, терең өңдеуге көшу, шикізаттық емес өнімнің экспорттық әлеуетін іске асыру, елдің агроөнеркәсіптік кешеніне инвестициялар тарту сияқты тақырыптар қозғалды.

ЕҢБЕК АДАМЫ

АУЛАСЫ ҒАЖАП АЗАМАТ

Алматылық Ерік Дюсембаев қолына түскен кез келген заттан көз сүйсінер керемет бұйымдар жасайды. Ол үшін айналадағы заттың барлығы кәдеге жararлық. Темірден түйін түйіп, ағаштан ою оятын шебер жігіт өзі тұратын үйдің ауласын да гүлмен көмкеріп, жасыл желекпен жайқалтып қойған.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ол отбасындағы тұңғыш бала. Үйленген соң бөлек шығып, 2014 жылы Бостандық ауданына қарасты Радостовец көшесіндегі 4 қабатты тұрғын үйдің бірінші қабатынан пәтер алған. Айтуынша, алғаш көшіп келгенде терезесінің тұсы жай ғана бос жатқан алаң болған екен. Мұндайда қолы шебер жігіт қарап отырсын ба, жұбайы екеуі өздеріне тиесілі алақандай жерді тазалап көздің жауын алатындай шағын саябаққа айналдырыпты. Бүгінде раушан гүлдері жайнап, айналасы тастардан жасалған түрлі мүсіндермен көмкерілген алаңқай кез келгенді өзіне қаратпай қоймайды. Әсіресе, кешкі салқында ауланың жанынан өткендер тоқтап, суретке түсуден жалықпайды екен.

– Ес білгелі қалам мен қарындашқа әуес болып, бойым жеткен жердің барлығын сыза береді екенмін. Мектепте оқығанда да жеке шеберхана беріп, сол жерде мектептің тапсырысы бойынша заттар жасайтынмын. Ал жоғары сыныпқа барғанда лицейге талапкерлерді тарту үшін арнайы комиссия келіп, оқушыларға сурет салдыратын. Суреттерім көңілдерінен шыққан соң Жүргенов атындағы Өнер академиясының жанындағы лицейге қабылдандым. Кейін колледжін оқыдым, одан кейін академияны, магистратураны бітірдім. Осылайша дәрігер болып шығатындай 12 жыл уақытымды беріп, оқуымды аяқтадым. Дипломдық жұмысымды қорғауға театрға келіп, кейін «бізде суретші болыңыз» деген ұсыныс болған соң, сол театрда қоюшы-бас суретші болып, өнер жолында 15 жылдай қызмет еттім. Сол кезде заман талабына ілесіп, нарық талабына бейімделу үшін жеке кәсіп бастаған болатынмын. Бірақ екі жұмысты қатар алып жүру қиындау болған соң, жеке кәсібімді жалғастырамын деп шештім, – дейді ол өзі жайында сұрағанымызда.

Ерік Дюсембаев – биыл «Алматы біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында өткен сайыста Бостандық ауданы бойынша «Үздік аула» байқауының Бас жүлдесін иеленген жеңімпаз.

– Жұбайымыз екеуміз ауылдан келе жатып, жол бойындағы гүлдерге қатты қызығып, ауламызға бірден 27 раушан отырғыздық. Кейін теректер әкеліп ектік. Ауламыз әсіресе, жазда әдемі! Кейде терезеден қарап сүйсінетінім бар. Еңбектенген адам ғана арманына жетеді деп жатады ғой. Бұл жүлде біздің көп жылғы маңдай теріміздің жемісі деп білемін. Барлығы ойламаған жерден болды. Жаңалықтардан естіп, байқауға құжат тапсырған соң, құрамында мобилограф, депутаттар мен аудан әкімдігінің көріктендіру бөлімінің қызметкерлері бар 8 адамнан тұратын комиссия мүшелері ауламызды көруге келді. Кейін 6 күннен кейін әкімдікке келуімді өтініп, хабарласты. Бардық. Үшінші орыннан жоғары қарай жүлдегерлер анықталып, соңынан Бас жүлде деп менің аты-жөнімді атағанда қатты қуандым, – дейді жеңімпаз жігіт.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Еріктің жұбайы Салтанат та өнер адамы, яғни ол да қоюшы-суретші. Қазір Мұхамед есімді кішкентай бөпелерінің күтімімен декреттік демалыста отыр.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген. Біз есік алдындағы тамсанбауға болмайтын әсемдіктен Еріктің қолтаңбасын көрдік. Жоқтан бар жасай алатын азаматтың алақандай ауласында бәрі бар. Шығармашылық адамы болған соң шығар, сылдырап аққан бұлақ пен субұрқақ та, сайрап тұрған құс та, сымдай тартылған арық та шағын саябақтың ішінде ерекше талғаммен үйлесіп тұр. Самаладай жарық шамдары қосылғанда бұл жер тіпті тамаша екен!

Ендеше, көпқабатты тұрғын үй ауласын өз еңбектерімен жасыл-желекке айналдырып, Алматыдай алып шаһардың көгалдануына үлес қосып жүрген бұл жас отбасы көпке үлгі боларлықтай-ақ...

P.S.

Шебер жігіттің «шедеврлері» мұнымен бітпек емес. Ерік Серікұлының арманы да, алға қойған мақсаты да көп. Қазіргі таңда ол болашақта бой көтеретін киіз үй үлгісіндегі өзі тұратын үйдің макетін жасаумен айналысып жатыр. Іске сәт дейміз.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

МЕГАПОЛИС МӘДЕНИЕТІ

Осы саланың 200-ге жуық қызметкері шетелдің жетекші оқу орындарында оқып келді

Алматы халықаралық мәдени ынтымақтастықты белсенді дамытуда. Мәселен, мәдениет саласының 200-ге жуық қызметкері Франция, Германия, Италия, Оңтүстік Корея, Қытай, АҚШ, Түркия, Австрия, Венгрия, Грузия және басқа елдердің жетекші әлемдік мәдени орталықтарында біліктілігін арттырып, оқудан өтті. Олардың қатарында кітапханашылар, мұражайтанушылар, мұрағатшылар, хайуанаттар бағының ветеринарлары, цирк және театр артистері бар.

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Мегаполистің мәдени нысандары 100% реновациялық жаңарудан өтеді. Қызметкерлер теорияда да, практикада да заманауи стандарттар мен клиентке бағытталған коммуникацияны зерттеуге баса назар аудара отырып, жаңа дағдылар мен құзыреттерге ие болады.

Айта кетейік, мұражай қызметкерлері Францияның ұлттық ескерткіштер орталығында білім алып, әлемдік өнер мұражайының – Musée du Louvre жұмыс тәжірибесін зерттеді. Алматылық кітапханашылар Сеул кітапханаларында Gachon University және Namsan Public Library, Starfield Library, Nlcy, Seoul Women's University Library және Chung Ang University Library сияқты тағылымдамадан өтті. Ал Алматы циркінің артистері алғаш рет Бейжің халықаралық акробатика мектебінде және Ресей театр өнері институты – ГИТИС-те біліктіліктерін арттырды.

– Мәдениет саласының қызметкерлері алғаш рет осындай бірегей мүмкіндікке ие болды – әлемнің жетекші мәдени орталықтарының қабырғасында оқып, кәсіби дағдыларын жетілдірді. Қала әкімі Ерболат Досаев саланы дамытуға ерекше көңіл бөледі, бұл ауқымды іс-шараларды өткізу, мәдениет нысандарын жаңғырту қызметкерлердің ой-өрісін дамытуда. Цирк және жергілікті театр артистері, мұражайтанушылар мен кітапханашылар, сондай-ақ хайуанаттар бағы мен мұрағат қызметкерлері кейінгі екі жылда 200-ге жуық адам шетелде оқып келді, – дейді Алматы қаласының мәдениет басқармасы өкілдері.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ҚЫЗДАРҒА ҒЫЛЫМДА ДА ОРЫН БАР

Күрделі әлемнің қарқынды өзгерістеріне байланысты әрбір мемлекеттің алдында тұрған жауапты міндет – білімнің басымдығы және сол арқылы демократияға, әділеттілікке, мәдениетке негізделген қоғам қалыптастыру. Ол үшін денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, кәсіптік дайындық, отбасылық-неке қатынастары және т.б. шығындардан көрінетін ұзақ мерзімді адамға салынатын инвестиция, яғни адами капиталды дамыту қажет. Білім мен ғылым саласына тиімді, дұрыс көзқараста ғана адам ресурстары жарқын болашақ пен қуатты мемлекеттің кепіліне айналатыны белгілі. Біз ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD Гүлнар Нүсіпованы әңгімеге тартқан едік.

– Мемлекет басшысы Алматыға келген сапарында жас ғалымдармен кездескені белгілі. Осынау кездесуден кейінгі көңіл күйеріңіз қалай? Жалпы, не түйдіңіздер?

– Бұл кездесуді жас ғалымдар ұзақ күтті. Кездесуде ғылым саласының бүгінгі жағдайы ғана емес, келешегі туралы да кеңінен айтылды. Ел Президенті алдағы екі жылда жас ғалымдардың зерттеуіне бөлінетін грант санының тағы да көбейетінін айтып, бюджеттен қосымша 18 миллиард теңге бөлінетінін айтты. Жасалып жатқан нақты шаралар арқылы еліміздің ғылым саласына, жалпы ғалымдар қауымына қолдау көрсету алдағы уақыттарда да жалғаса беретінін жеткізді.

Мемлекет басшысының айтқан әрбір сөзі жас ғалымдарды ынталандырып отырды. Сонымен қатар, қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыру, отбасындағы зорлық-зомбылық сынды моральдық деградацияның өршуін түп-тамырымен жою, еңбек адамының мәртебесін көтеру, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікті жаппай дәріптеу секілді құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығын баса айтты. Президент еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген жас ғалымдарға әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету – мемлекеттің міндеті екеніне айрықша тоқталды. Ғылымның түрлі саласында еселі еңбек етіп жүрген он азаматқа пәтер сертификаттарын табыс етуі де көрсетіліп жатқан қолдау емес пе?

Жалпы, қазір елімізде ғылым мен жоғары білім салаларын дамыту үшін білікті кадрлар әзірлеуге арналған грант саны бір жарым есеге көбейіп отыр. Дәл қазір біздің елімізде әлемнің ең беделді деген 12 жоғары оқу орнының филиалы жұмыс істеп тұрса, әлі де бірнешеуі ашылады деп күтілуде. Сондай-ақ, зерттеу жұмыстарымен айналысатын университеттер де көбейіп жатыр. Бұған қоса, технология парктері және инжиниринг орталықтары ашылып жатыр. Міне, жыл сайын 500 ғалымды шетелде тағылымдамадан өткізіп, мыңдаған грант бөлініп жатқаны тағы бар. Осынау игіліктің барлығы да ғылымды дамытуға жасалып жатқан жағдай.

– Кейде «ғылым қыздардың қолы емес, бастаған істері аяқсыз қалып, ақсап жатады. Қыздың орны – отбасы» деген де пікірлер айтылып қалады. Сіздің бұл пікірге көзқарасыңыз қалай?

– Иә. Дұрыс айтасыз. Ондай теріс пікірлер оқта-текте айтылып қалады. Дегенмен, қыздарға ғылымда да орын бар. Біздің қоғамда білім және ғылыммен бірге гендерлік теңдік те ең маңызды элементтердің бірі. Бұған бір ғана дәлел, 2015 жылы 22 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы әйелдер мен қыздардың ғылымға толық және теңдей қол жеткізуі мақсатында 11 ақпанды ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні деп жариялаған еді. Бұл күні әлемдегі әйелдердің ғылымдағы жетістіктері атап өтіліп, нәзік жандыларды осы салада гендерлік теңдікті арттыруға шақырады. Осыдан-ақ әйелдердің ғылымдағы орнының да ерекше екенін байқауға болады. Бүгінде біздің әйелдер қауымы айналыспайтын сала жоқ десе де болады. Олар отбасының берекесі ғана емес, еліміздің ғылым саласының дамуына да үлесін қосып, ерлерден қалыспай ауқымды зерттеулермен айналысып жатыр.

Әйелдер қауымы әлемнің ең іргелі, маңызды мәселелерін шешуге де өздерінің үлесін қосып келеді. Олар әлдеқашан ғылымда да өздеріне орын бар екенін дәлелдеп берді. Қазірдің өзінде жаңалықтар ашып, ғылыми жетістіктерге елеулі үлесін қосып жатыр. Мына деректерге қараңызшы, 1901–2023 жылдар аралығында 63 әйел Нобель сыйлығын иеленіпті. Олардың 26-сы физика, химия, физиология немесе медицина саласында еңбек еткендер екен. Біздің елімізде де әйелдер академиялық саланың дамуында жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, ғылыми жетістіктері үшін лайықты бағаға ие болды.

Бір кереметі, әйелдер қол тигізген салаға жан бітіп, гүлденіп кетеді. Әйел-ғалымдар ғылымда сан алуан қызмет атқарып, білімнің әрбір саласына елеулі үлес қосып, әлеуметтік-мәдени және саяси шектеулерге қарамастан, әртүрлі ғылыми пәндерде белсенді және табысты болып келеді. Олардың дені жаратылыстану, әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар саласында академик ретінде танылды. Олардың Қазақстан ғылымының дамуына қосқан үлесі елдің қоғамдық өмірінің көптеген салаларына әсер етті. Бұл елдегі ғылыми қауымдастықтың мүдделері мен мамандықтарының кең ауқымын көрсетеді.

Статистикаға көз салсақ, Қазақстанда ғылыммен айналысатын ерлер мен әйелдердің саны тепе-тең көрінеді. Бірақ еліміздегі әйел ғалымдар көбінесе тек теориямен, ал ер адамдар негізінен ғылыми практикамен айналысады екен. Дегенмен, соңғы кездері Қазақстанда пайдалы жаңалықтар ашатын жаңашыл әйелдеріміздің де қатары артып келеді. Олардың еңбегін қазіргі таңда ғылымның өзі мойындап отыр.

– Өзіңіз еңбек етіп отырған орталықта бұл көрсеткіш қандай дәрежеде?

– Философия, саясаттану және дінтану институты жоғары кәсіби ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Институт негізінен мемлекеттік, халықаралық қорлардың гранттарын жеңіп алып, өзінің идеяларын жүзеге асырудың жаңа формаларын тауып, жоспарларын жүзеге асыру үшін инновациялық жобалар жасайды.

Мәселен, пікірталас, идеялар, бірлескен ізденіс, монографияларды талқылау, конференциялар, конгрестер... Көпшілігі үшін институт өміріне де, тағдырына да айналған үлкен зерттеушілер ұжымының орасан зор еңбегін бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Солардың ішіндегі әйелдердің ғылымға қосқан үлесін ерекше бағалауға болады. Ғылым халықтың игілігі үшін қызмет етсе, ал ғылыми зерттеулер қазіргі заманның ең өзекті мәселелерін шешуге пайдасын тигізіп жатса бүкіл адамзаттың тең жартысын құрайтын әйелдердің үні деп қабылдау керек. Әсіресе, ғылымдағы жас қыздарға қолдау көрсетіп, олардың білімі мен идеялары даму мен бейбітшіліктің тұтқасы болып табылады.

Қазіргі таңда аталмыш институтта ғылыммен айналысатын әйелдер арасында 1 – ҚР ҰҒА академигі, 1 – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, 7 – ғылым докторы, 5 – ғылым кандидаты, 7 – PhD докторы, 3 – PhD докторант ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып жатыр. Сонымен қатар, еліміздегі ғылыми ойдың дамуына, ғылымның прогресіне қосқан үлесі зерттеушілердің болашақ ұрпағын шабыттандырып келеді. Институтта терең білімді, кәсіби құзыреттілікті, өзіндік зерттеу стилі бар, білім мен ғылымды табысты үйлестіретін зерттеушілердің жаңа толқыны пайда болды. Бұл дегеніңіз, болашақта ғалым әйелдер сабақтастығын қамтамасыз ету үшін ғылыми потенциал мен ғылымның беделі арта түседі деген сөз.

ЖАС ТҮЛЕК

Мектеп бітіру кешінің де ережесі бар

Биылғы мектеп бітіруші түлектерге аттестат тапсыру салтанатының қай күнге белгіленгені белгілі болды. Қала мектептерінің 9-сынып бітірушілерге күәлік 12-13 маусымда тапсырылса, 11-сыныпты бітірушілерге аттестат 14 маусымда табыс етілетін болды. Бұрын бұл шара еліміз бойынша 19 маусымда өтетін еді.

Сонымен қатар, Алматы қаласында аттестатты міндетті түрде күндізгі уақытта мектеп қабырғасында тапсыру дәстүрі қалыптасқаны белгілі.

Биыл да бұл үрдіс жалғасып, оған мектептің педагогикалық ұжымы, түлектер, түлектердің ата-аналары, педагогикалық еңбек ардагерлері, Қамқоршылық кеңес мүшелері, Білім басқармасының және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысатын болды. Алматы мектептерінде қалыптасқан жақсы дәстүр бар. Бұл ретте әр жылдардағы түлектердің қайырымдылық іс-шараларын өткізіп отыруы дәстүрге айналған. Биылғы жылы да «Мектепке кітап сыйла», «Мектепке сый» атты ағаш, гүл отырғызу, әлеуметтік осал отбасылар мен балаларға көмек көрсету үшін «Мейірімді жүректен – балаға», «Туған жерге тағзым» акциялары жалғасын тапты.

Сонымен қатар, педагогикалық әдепті сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мектеп бітіру іс-шараларына дайындық кезінде әрбір түлекке жеке көзқарас қағидаты сақталып отыр. Барлық мектеп басшылары мектеп бітірушілердің ата-аналарымен қажетсіз шығындардың орынсыздығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Алматы қалалық Білім басқармасы мектеп бітіру кешіне аниматорларды, мерекелік агенттіктерді тартуға, мерекелік үстелдерді ұйымдастыруға, автомобильдерді жалға алып, қала бойынша экскурсия өткізуге, әкімшілік пен педагогтарға сыйлықтар жасап, оған ақшалай қаржы жинауға, мейрамханалар мен кафелерде мектеп бітіру іс-шараларын ұйымдастыруға қатаң тыйым салынатыны жөнінде ескертті.

БІЛІМ БӘСЕКЕСІ

МАРАПАТ ИЕСІН ТАПТЫ

Алматы мектептері үшін биылғы жыл да табысты болып отыр. Оқу жылын табыспен аяқтаған ұстаздардың еңбегі еленіп, қалалық «Ұстаз» кәсіподағының Алмалы аудандық филиалы халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба жүлдегерлерін тәрбиелеген ұстаздарды арнайы марапаттармен құттықтады.

Ағымдағы оқу жылында Алматы ауданындағы №39 лицей, №90 лицей, №24 лицейдің бес оқушысы халықаралық білім бәсекесінде жүлделі орын иеленген еді.

Олардың қатарында №39 лицейдің оқушысы, математика пәнінен Анар Дидарбекова (жетекшісі Асқар Аманжол), Аружан Қайрат (жетекшісі Мерей Қуанышқалиұлы), №90 лицейдің оқушысы Арыстан Мұхамед – физика пәнінен (жетекшісі Татьяна Михайлова) және №24 лицейдің оқушысы Дияр Халбай, қолданбалы математика бойынша (жетекшілері Айжан Қостабаева, Гүлнар Тұрымбетова) арнайы сый-сияпатқа ие болды.

Сонымен қатар, жүлдегерлерге жетекші болған ұстаздар «Ұстаз» кәсіподағы төрағасы Серікжан Байғұттиновтың атынан «Алғыс хатпен» марапатталды.

Алмалы аудандық «Ұстаз» кәсіподағының төрайымы Раушан Дүйсебайқызы жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар тәрбиелеген ұстаздардың еңбегіне шексіз ризашылығын білдіріп, әрқашан табысқа жете берулеріне тілектестігін білдірді. Ұстаздардың еңбегі еленіп, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

МӘМС моделі–

ортақ жауапкершілікке негізделген жүйе

Бүгінде денсаулығы сыр берген азаматтар арасында тіркелген емхана арқылы салалық мамандарға, ультрадыбыстық зерттеу, КТ, МРТ ғана емес, жоғары технологиялы медициналық көмек түрлеріне жолдама алатындар саны күн санап артып келеді. Ел денсаулығын сақтауда Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының атқарып жатқан қызметін ешкім жоққа шығара қоймас.
Жалпы, МӘМС жүйесінің біздің елімізде толыққанды іске қосылғанына биыл бесінші жыл. Жүйенің жұмысы қалай жүріп жатыр? Алматылықтарға медициналық көмек көрсету қарқыны қандай? Осы және өзге де сауалдарымызға МСҚ Алматы филиалы директорының міндетін атқарушы Жанар КЕНЖЕБАЕВА жауап берді.

Пациент құқығы қалай қорғалады?

– Кейінгі кезде жұртшылықтың, әсіресе, қоғам белсенділерінің назары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне ауып отырғаны белгілі. Сын да толастар емес. Түсінікті болу үшін, ең алдымен, қордың негізгі міндеттеріне тоқталып өтсеңіз?

– Халқымызда «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген сөз бар. Жұмыс жүріп жатқан жерде сын болады, болуы да керек. Елімізде МӘМС жүйесі, ең алдымен, халықты сапалы әрі қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз етуге деген қажеттілікке байланысты енгізілген болатын. Жалпақ тілмен айтқанда, шығыны көп, бірақ қаражат үнемі жетпей жататын денсаулық сақтау саласын қаржыландырудың жаңа тетігін енгізіп, өркениетті елдердегі сияқты «мемлекет, жұмыс беруші мен жұртшылық» арасында денсаулық үшін ортақ жауапкершілік қалыптастыру қажет болды.

Қор болса әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) және кепілдендірілген тегін медициналық көмек (ТМККК) пакеттері шеңберінде халыққа көрсетіліп жатқан қызметтер ақысын төлеуші оператор міндетін атқарады. Ақы төлемес бұрын көрсетілген қызметтің сапасы мен көлемі, емдеу барысында стандарттардың сақталған-сақталмағаны толық тексеріледі.

Қордың маңызды міндетінің бірі – пациент құқығын қорғау. Осы мақсатта бірнеше кері байланыс каналы жұмыс істеп тұр. Медициналық көмек дер кезінде көрсетілмесе немесе сапасы көңілден шықпаған жағдайда, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, қордың fms.kz ресми сайты немесе 1414 бірыңғай байланыс орталығы арқылы шағым қалдыра алады. Барлық шағым міндетті түрде қаралып, дәлелді жағдайларда ертерек шешілуіне атсалысамыз, ал медициналық ұйымдарға шара қолданылады.

Қағазбастылықтан арыламыз ба?

– Медицина мекемелері атқарып жатқан жұмыстың тиімділігін арттыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Қысқаша айта кетсем, қор медқызметті жоспарлаумен және сол қызметтерді медицина мекемелерінен сатып алумен айналысады. Қазір біз осы процесті оңтайландыруға, қызмет көрсететін клиникалар мен емханалар санын арттыра отырып бәсекелестікті күшейтуге күш салып жатырмыз.

Сондай-ақ, МСҚ барлық процесті цифрландырумен айналысады. Атап айтқанда, биылдан бастап қор мен медицина мекемелері арасындағы процестер автоматтандырылды.

Біріншіден, медицина ұйымдары арасында қаржыны бөлісте салу процесі автоматтандырылды. Бұл қаржыландыру процесін тездетеді әрі жеңілдетеді. Медициналық көмек түрлерінің аражігін ажырату жұмыстары жүргізілді. Қаржыны бөлуде жедел және шұғыл көмек, ана мен бала денсаулығы сынды тағы да басқа басым бағыттар ескеріледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, МӘМС пен ТМККК пакеттерін біріктіріп, бірыңғай пакет қалыптастыру жұмыстары кезең-кезеңмен жүріп жатыр. Қазірдің өзінде бірнеше келісім-шарттың орнына бір ғана келісім бекітіп, қос қаржыландыру көзінің орнына бір пулды пайдалану жобасы іске асырылуда. Бұл әсіресе, жазудан қолы босамайтын дәрігерлерді қағазбастылықтан арылтуға көмектеспек. Ал пациенттер медициналық көмекті бұрынғыша пайдалана береді.

Екіншіден, қор емханалар мен стационарлар қызметінің сапасын тексеруге арналған мониторинг және постмониторинг жүйесін де жетілдіріп жатыр.

Маман тапшылығын қор шеше алмайды

– Мұның бәрі қор мен медицина мекемелері арасындағы қарым-қатынасты оңтайландырады делік. Ал пациенттер ше? Қалай дегенмен де, медқызмет сапасына көңілі толмаған ағайыннан келіп түстені шағымдар көбеймесе, азайып жатқан жоқ қой...

– Қор жұртшылық пікіріне құлақ түретін мекеме ретінде қай кезде де диалог орнатуға дайын. Сөз басында кері байланыс арналары жайлы айтып кеттім. Түскен арыз-шағымдардың бәрі міндетті түрде қаралады. Қызмет көрсетуден негізсіз бас тартқан, көрсетілмеген қызметті көрсетілді деп жазған емдеу мекемелеріне түрлі айыппұлдар қарастырылған.

Алайда, түсіп жатқан шағымдарға келер болсақ, оның бәрін шешуге қордың құзыры жете бермейді. Мысалы, пациенттер консультативті-диагностикалық қызметтерді көп күтетінін айтып шағымданып жатады. КТ/МРТ, анализдерге қатысты мәселені жаңа клиникаларды жұмысқа тарту арқылы шешуге болады. Бірақ халыққа ауадай қажет болып отырған салалық маман тапшылығын қор шеше алмайды. Медицина ұйымын дәрігерлермен, соны үлгідегі қондырғылармен қамтамасыз ету деңгейі шалғай өңірлерді айтпағанда, Алматы сынды мегаполисте де өзекті мәселенің бірі болып отырғаны жасырын емес.

Жалпы, әр емханада пациенттерді қолдау қызметі бар. Құқығы аяқасты болған пациент мәселесін емханадан шықпай, сол қызметке жүгіну арқылы шешсе болады. Егер мәселе сол жерде шешілмесе, қордың жоғарыда көрсетілген байланыс арналары арқылы өтінім қалдырған дұрыс.

Жоба Үкімет қарауында жатыр

– Жекеменшік клиникалар жайлы айтып қалдыңыз. Қазір қормен жұмыс істейтін жеткізушілер арасында жеке бизнестің үлесі қандай?

– Жекеменшік клиникалар мемлекеттік емдеу мекемелерімен арада өзара бәсекелестік орта қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, мемлекеттік клиникаларға түсіп жатқан жүктемені азайтуға ықпал етеді.

Қазір Алматы қаласы бойынша қормен 215 медицина ұйымы жұмыс істейді, оның 124-і – жекеменшік. Кейінгі бес жылда жеке бизнес көрсететін қызмет ауқымы да едәуір артты деуге болады. Бүгінде жекеменшік клиникалар жалпы практика дәрігерлерінен бастап барлық салалық мамандармен, консультативтік-диагностикалық қызметтермен, ЭКО, гемодиализ, ПЭТ, КТ, МРТ аппараттарымен, медициналық реабилитация саласындағы соны қондырғылармен жабдықталған.

– Елімізде мемлекет тарапынан сақтандырылатын азаматтар бар. Ал жарна төлеуден бас тартатындар бар ғой?

– Дұрыс айтасыз, елімізде 15 жеңілдік санаты бар. Оған әлеуметтік жағынан аз қамтылған 11 миллионға жуық адам кіреді. Олар мемлекет тарапынан сақтандырылады.

Сонымен қатар, елімізде МӘМС-ке бірдебір рет жарна аудармағандар бар. Олардың көбі «экономикалық белсенді» дейтін топқа жататын, 18–40 жас аралығындағы азаматтар. Олар дәл қазір медициналық көмекке зәру емес болуы мүмкін. Бірақ біздің елдегі сақтандыру моделі ортақ жауапкершілікке негізделгенін ұмытпаған жөн. Біз дәрігерге қаралып емделмесек те, туыстарымыз, балаларымыз, қарт ата-анамыз медициналық көмекке міндетті түрде жүгінеді. Біреуге мүлде көмек қажет болмауы мүмкін, ал енді біреу денсаулығына байланысты құны бірнеше миллион тұратын отаны қажет етеді. Осындайда науқас төлеген жарна мөлшері таразыланып жатпайды, медициналық көмек қажет жерінде тиісінше көрсетіледі.

Тағы бір мәселе, 2025 жылдан бастап жағдайы төмен, айлық табысы төменгі күнкөріс шегіне де жетпейтін азаматтарды сақтандыру жергілікті атқару органдарының мойнына жүктелмек. Қазір жоба Үкімет қарауында жатыр.

Егер бізде жинақтау жүйесі болса...

– Сондай-ақ, халықтың табысына орай, МӘМС-ке белгілі бір пайыз бойынша ақша аударып отырады. Осы орайда, аударымды белгілі бір нақты сомада төлейтіндей өзгертуге болмай ма?

– АҚШ, Германия сияқты елдерде жарна көлемі табыстың 10–20 пайызына дейін жетіп жығылады. Бізде жұмыскерлер айлықтан 2 пайыз, жұмыс беруші өз қалтасынан әр жұмысшы үшін 3 пайыз аударады. Ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар ай сайын 4250 теңге төлейді. Яғни бір жылда олар 51 000 теңге төлейді.

Егер біз әр адамды өзінің жинақтаған қаражатына ғана емдейтін болсақ, оның жинаған ақшасы ештеңеге жетпес еді. Мысалы, пневмонияны емдеуге кететін шығын 160 мың теңге, босандыру 100 мың теңге, аортокоронарлық шунттау кем дегенде 3–5 млн теңге тұрады. Яғни біреу дәрігерге мүлде қаралмауы мүмкін, ал біреуге 4-5 млн теңгенің операциясын жасау қажет болуы мүмкін. Егер бізде жинақтау жүйесі болса, азаматтар медициналық қызмет ақысын өзі жинаған қаражаты есебінен төлей алмас еді. Ал ортақ жауапкершілікке негізделген жүйеде қаржы ортақ шоттан алынады.

Тағы бір ескеретін мәселе, сіз дәрігердің көмегіне жүгінбесеңіз, төлеген ақша жоғалып кетті деген сөз емес. Ол сіздің жақындарыңызды немесе ауруханада жатқан басқа отандастарымызды емдеуге жұмсалады. Қазақстанда белгіленген сақтандыру жарналарының мөлшері қолжетімді деп айтуға болады.

«АШЫҚ ЕСІК»

АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕЙІК

Мамандар қатерлі ісік ауруларының алдын алу туралы кәсіби кеңес берді

Елімізде 3–9 маусым аралығында халықтың бас және мойын ісіктері дертін ерте диагностикалау мен осы ауыр кеселдің алдын алу туралы хабардар болып жүруі үшін апталық өтті. Осы іс-шара аясында Алматы онкологиялық орталығында да «Ашық есік» күні ұйымдастырылды.

Бас және мойын ісіктері өте агрессивті, жылдам дамиды және уақытылы анықтау мен емдеуді қажет етеді. Биылғы бірінші тоқсанның өзінде Алматыда қалқанша безінің қатерлі ісігіне шалдыққан – 57, ауыз-жұтқыншақ ісігімен ауырған – 11, көмей дертіне ұшыраған 9 науқас анықталды. Бұл кеселдер адам өмірін ерте қиып жібереді.

Апталық аясында Алматы онкологиялық орталығында онколог-мамандар тұрғындарға тегін қарап, кеңестер берді. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу» маңызды. «Ашық есік» күніне келген жандар бас және мойын обырының алдын алу және оларды ерте анықтау бойынша кәсіби медициналық көмек пен ұсыныстар алды.

Сонымен қатар, осындай «Ашық есік» күні қаланың барлық емханасында өтті. Бұл көптеген адамға сапалы медициналық қызметтерге және симптомдар мен қауіп факторлары туралы ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Бүгінде Алматы онкологиялық орталығында бас және мойын ісіктері диагнозы қойылған 2547 адам есепте тұр. Бұл ісіктер әдетте бас пен мойынның әртүрлі аймағында, соның ішінде ауыз, мұрын-жұтқыншақ, көмей және қалқанша безде пайда болады. Осы кеселдерге жеткізетін негізгі факторларға шылым шегу және алкогольді тұтыну жатады дейді мамандар. Адам папиллома вирусы да қауіпті. Өйткені, АПВ-ның кейбір штамдары ауыз-жұтқыншақ ісігінің дамуымен және зиянды химиялық заттармен байланысты. Жұмыс орнында белгілі бір химиялық заттардың әсері ауру қаупін арттыруы мүмкін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақерке ОРАЗБАЕВА, Алматы қалалық онкологиялық орталықтың дәрігері:

Салауатты өмір кепілі

Бас және мойын ісігінің белгілері ісіктің нақты түріне және орналасуына байланысты өзгеруі мүмкін. Бірақ жалпы белгілерге мыналар жатады: тамақтың немесе құлақтың тұрақты ауруы, жұтыну мен тыныс алудың қиындауы, мойын аймағындағы түйіндер немесе ісіктер, дауыстың қарлығуы, себепсіз салмақ жоғалту. Бұл обыр дертін сәтті емдеуде ерте диагностика шешуші рөл атқаратынын баса айтамыз. Жүйелі түрде медициналық тексеруден өтіп, салауатты өмір салтын ұстану аурудың алдын алу мен ерте анықтаудың негізі екенін біліп жүрейік. Бұл қауіпті дертпен күресуде үнемі медициналық тексеруден өтіп, зиянды әдеттерден бас тартып, салауатты өмір салтын ұстану басты рөл атқарады.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.

АДЫРАСПАН

КИЕЛІ ШӨПТІҢ КИЕСІ ҰРМАСЫН...

Жақында Ішкі істер органдары халық арасында кеңінен қолданылып жүрген адыраспанды артық мөлшерден тасымалдап, оны сатып пайда тауып жүргендердің заң алдында жауапқа тартылатынын мәлім етті. Құзырлы орындар бұл киелі шөптің адамды «елітетін» де қасиетінің бар екенін алға тартады. Арнайы жүргізілген зерттеулер адыраспанның психоделиктер қатарына жататынын анықтап, мөлшерден тыс қолдану адамды транс, яғни естен айыратын жағдайға түсіретінін дәлелдеген.

Рая ЕСКЕНДІР

Халқымыз ықылым заманнан бері осынау емдік қасиеті бар өсімдікті жиі пайдаланып келеді. Әсіресе, үйде де, түзде де адыраспан шөбін пайдаланып жатқан кісілерді жиі байқауға болады. Тіпті, үйдің, дүкеннің босағасына «бәле-жаладан сақтайды» деп те іліп қояды. Осыдан-ақ шөптің киелі өсімдік екенін байқауға болады. Қазірдің өзінде жаңа үйге кірерде, бөтен ортаға көшіп барғанда «жын-шайтан жоламасын» деп адыраспанмен аластап жатады. Үлкен кісілер жын-шайтаннан тазарту үшін адыраспанның бұтағын тұтатып, аластайтын болған. Сонау медицина дамымай тұрған кездің өзінде емшілер адыраспанды аурудың бірнеше түрін емдеу үшін қолданған.

Мәселен, бұл үшін адыраспанның бұтағы, жапырағы мен гүлін пайдаланған. Халық емшілері адыраспанды ревматизм, қышыма және басқа да тері ауруларын емдеуге пайдаланады. Оның шөбінен қайнатып жасалған тұнба суық тигенде, безгек ауруларына, нерв жүйесінің әлсіреуіне және ұстама ауруларына ем болып саналады. Адамдар оның шөбін жағып, түтінімен бас ауруын емдейді әрі жұқпалы сырқаты бар адам жатқан бөлмені залалсыздандырады. Биология ғылымының кандидаты, палинолог Саида Нығметова бұл шөп осыдан 2 мың жыл бұрын халық арасында кеңінен қолданыста болғанын айтады.

– Бағзы заманнан-ақ адамдар табиғатпен тығыз байланыста болды емес пе? Біздің атабабаларымыз далада өсіп жатқан кез келген шөптің қасиетін білген. Мәселен, адыраспанды мал жемегендіктен, оның улы екенін білді, – дейді ғалым. Ғалымның бұл сөзіне мына бір дерек дәлел болғандай. Ұлт-азаттық қозғалысының қолбасшысы болған батырымыз Сырым Датұлын адыраспанмен улап, үзеңгісіне уды жағады. Соның салдарынан отарлау саясатына қарсы күрескен қолбасшы қаза тапқан екен. Халық емшілері көбіне адыраспанның қайнатындысы мен тұнбасын пайдаланады. Өйткені, ол ауруды басып, адамды тыныштандырады.

Мәселен, халық емшісі Зәуреш Айтқожанова көп сырқаттың бетін адыраспанған жасаған дәрілерімен қайтарып жүргенін айтады.

– Осыдан бірер жыл бұрын балаларым Алакөлге апарды. Бір байқағаным, мұндағылардың көбі еміне шипа іздеп келетінге ұқсайды. Көпшіліктің арасынан бір ер кісіге көзім түсті. Үсті-басын қотыр басып кеткен. Суға қайта-қайта түседі. Оның көпшілік орында бұлай жүргенін кейбіреулер жақтырмай жатты. Содан әлгі жігітпен сөйлесіп, көмектескім келетінін жеткіздім.

Шынында ем ізден жүрген екен, бірден келісе кетті. Адыраспанның ұрығын зығыр тұқымымен қосып, қара бұрышқа араластырып жасайтын емдік дәрім бар еді. Сол дәріні теңге қотырға жақса болды, жұлып түседі. Сол жігітке көмегім тиді. Әлі күнге ұмытпай, хабарласып отырады. Сонымен қоса, сырқатты асқындырмауға, тер шығаруға да көмектеседі. Ал тұнбасын суық тигенде пайдаланады. Адыраспанның қайнатындысы ауыз қуысы мен тамаққа суық тигенде ауыз шаюға, сосын басқа да емдік шөптермен қосып аяқты жууға қолданылады. Адыраспанды тасшөппен, қараңдыз тамырымен қосып қайнатқан соң, радикулитті, сегізкөз невралгиясын емдеуге қолдануға болады.

Сонымен қатар, қайнатындымен белді, тамақты булаған кезде жақсы нәтиже де берген көрінеді. Еліміздің ғалымдары да ұзақ уақыттан бері адыраспанды зерттеп, оның құрамында гармалин бар екенін анықтаған. Мәселен, С.Асфендияров атындағы қазақ Ұлттық медицина университеті жанындағы институттың ғылыми қызметкері Эльмира Капсалямова бұл шөптің фармакологиялық қасиеті бар-жоқтығын анықтау үшін зерттеу жұмысын жүргізіп, аталмыш өсімдіктің психоделикке жататынын анықтаған.

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы №272 бұйрығымен «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынушы жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетудің үлгілік шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы №117 бұйрығына өзгерістер енгізілді (02.07.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен).

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы №532-IV Заңының 17-бабының 6-тармағына, сондай-ақ «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығына сәйкес, **«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ** атынан Алматы өндірістік филиалы тауарлық газды тұрмыстық тұтынушымен бөлшек саудада өткізу шартын *(бұдан әрі – Шарт)* жасасуды және газеттің осы нөмірінде орналасқан Шарт негізінде жеке тұрмыстық тұтыну үшін тауарлық газды жеткізуді жүзеге асыруды ұсынады.

Тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің үлгі шарты

Алматы қаласы 20___ жылғы «_____» _____
(шарттың жасалған орны)

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ, (Астана қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ 14.05.2024 жылы берген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама) бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталып, оның атынан 2024 жылғы «21» мамырдағы №69 сенімхат негізінде әрекет ететін «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Алматы өндірістік филиалының директоры А.Е.Сапаров бір тараптан және Тұрғын үйдің иесі, бұдан әрі «Тұрмыстық тұтынушы» деп аталатын _____ _____ екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталып, төмендегілер туралы осы шартты *(бұдан әрі – Шарт)* жасасты.

1-ТАРАУ. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) газ – тауарлық газ;

2) газ тұтыну жүйесі – газ тарату жүйесінен тауарлық газды қабылдауға, сондай-ақ оны отын ретінде пайдалануға арналған газ құбырлары (желілік бөлік) мен газ жабдығы кешені;

3) есеп айырысу кезеңі – жеткізілген газдың көлемі айқындалатын, берілген газ үшін өнім беруші мен тұрмыстық тұтынушы арасында өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды;

4) есепке алу аспаптары – мынадай функцияларды: газды өлшеуді, жинауды, сақтауды, оның шығысы, көлемі, температурасы, қысымы және аспаптың жұмыс уақыты туралы ақпарат көрсетуді орындайтын өлшеу құралдары мен басқа да техникалық құралдар;

5) жеткізу – газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет;

6) өнім беруші – «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Газбен жабдықтау туралы заң) белгіленген жағдайларда газды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлға;

7) смарт-картасы бар есепке алу аспаптары – тұрмыстық тұтынушы өзі төлеген газдың барлық көлемін пайдаланған кезде газ беруді жабатын салынған бекітпе клапанмен жұмыс істейтін смарт-карта арқылы ақы төлеу жүйесі бар газды есепке алу аспаптары;

8) тұрмыстық тұтынушы – тауарлық газды кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатынсыз, тұрмыстық мұқтаждар үшін сатып алатын жеке тұлға;

9) тұтыну нормасы – есепке алу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін өздері тұтынған тауарлық газдың орташа айлық көлемін көрсететін есептік шама.

10) Жеткізушінің өкілі – Жеткізушінің және (немесе) биллингтік компанияның қызметкері;

11) биллингтік компания – Жеткізушіге газ тұтынуды есепке алу, төлемдерді жинау және тұрмыстық тұтынушылармен абоненттік жұмыс жүргізу бойынша қызметтер көрсететін «Алматыгаз» Абоненттік есептеу орталығы» ЖШС.

2. Осы Шартта пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Газбен жабдықтау туралы заңға сәйкес қолданылады.

2-ТАРАУ. Шарттың нысанасы

3. Өнім беруші тұрмыстық тұтынушыға қосылған желі арқылы оның тұрмыстық тұтынуы үшін газды беруге, ал тұрмыстық тұтынушы осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

4. Газды тиісінше жеткізу үшін, оның ішінде тұрмыстық тұтынушы тарапынан – газбен жабдықтау жобасының, газ тұтыну жабдығына паспорттың, салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісінің, газ құбырын салу паспортының, түтіндік және желдеткіш каналдарын тексеру актісінің, сондай-ақ газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету шартының болуы газды жеткізу Шартын жасасу талаптары болып табылады.

5. Тұрмыстық тұтынушыны газбен қамтамасыз ету газ тарату желілері, газ пайдалану жабдықтары дұрыс техникалық жай-күйде болған кезде жүргізіледі.

6. Есепке алу аспабы, ал ол жоқ болған кезде тұтыну объектісіндегі бекітпе құрылғысы (іске қосу краны) газды қабылдау-тапсыру пункті болып табылады.

7. Осы Шарт бойынша жеткізілетін газ Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының талаптарына сай болуы тиіс.

8. Есепке алу мақсатындағы тауарлық газ көлемінің өлшем бірлігі үшін Цельсий бойынша 20 градус температурада және сынап бағанының 760 миллиметр қысымында бір текше метр газ қабылданады. Сыртқы ортаның параметрлері осы Шарттың 8-тармағында көрсетілгендерден өзгеше болған кезде, өнім беруші есепке алу аспабының паспортына не Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №491 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16429 болып тіркелген) бекітілген Газдың жұмыс параметрлерін стандартты жағдайларға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеу әдістемесіне сәйкес газдың жұмыс параметрлерін стандартты талаптарға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеуді жүзеге асырады.

3-ТАРАУ. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Өнім беруші:

1) алынатын газ үшін тұрмыстық тұтынушы дұрыс төлем жүргізген және осы Шарттың жағдайлары сақталған жағдайда тұрмыстық тұтынушыға арналған мөлшерде қажетті талап етілетін сапалы газды үздіксіз беруді жүзеге асыруға;

2) газ тұтынуды есепке алуға, сондай-ақ осы Шартпен көзделген міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

3) тұрмыстық тұтынушының жабдықтың қуатын ұлғайту және қосымша газ жабдығын орнату үшін техникалық шарттарды алуға, газбен жабдықтау схемасын техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін 2 жұмыс күні ішінде, техникалық жағынан күрделі объектілер үшін 5 жұмыс күні ішінде өзгертуге жазбаша өтінішті мәні бойынша қарауға;

4) қауіпсіз, авариясыз және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге және газды қабылдау-тапсыру пунктіне дейін газдың қысымын ұстауға;

5) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы газ бағасының өзгергені туралы ақпаратты тұрмыстық тұтынушының назарына жеткізуге;

6) бақылау мақсатындағы тексерулер кезінде тұтынушыға көрсетілетін қызметтік куәліктермен өз қызметкерлерін қамтамасыз етуге;

7) тұтынушы берген өтініштің және басқа да растаушы құжаттардың негізінде тұратындардың санын өзгертуді, өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге;

8) тұрмыстық тұтынушыға тұтынылған газдың мөлшері және есеп айырысу кезеңі үшін төлем мөлшері туралы мәліметтерді қамтитын қағаз немесе электрондық түрдегі шот-хабарламаларды ай сайын ұсынуға;

9) есепке алу аспабын тексеру мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік алпыс күн бұрын тексеру қажеттілігі туралы тұрмыстық тұтынушыны хабардар етуге;

10) жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу және жаңа тұтынушыларды қосу үшін тауарлық газ беруді тоқтатқанға дейін қырық сегіз сағаттан кешіктірмей тұтынушыны ескертуге міндетті.

10. Тұрмыстық тұтынушы:

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге;

2) газ тұтыну жүйелерін, түтіндік және желдеткіш каналдарын, оның қарамағындағы газ желілерінің учаскелерін қауіпсіз пайдалануды, түтіндік және желдеткіш каналдарын уақытылы тексеруді және тазартып тұруды қамтамасыз етуге;

3) өнім берушінің өкілдеріне қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде есепке алу аспаптарын, газ жабдығын, тұрып жатқандардың саны жөніндегі деректердің дұрыстығын және салыстырып тексеру туралы жарамды сертификаттың бар екенін тексеру үшін газ тұтыну жабдықтарына, газ желілеріне және есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4) өзіне тиесілі газды есепке алу аспаптарының сақталуына, техникалық жай-күйіне және салыстырып тексерілуіне, сондай-ақ өнім беруші жүзеге асырған оның пломбалануының бүтіндігіне жауапты болуға;

5) өнім берушінің техникалық талаптарын алғаннан кейін ғана газбен жабдықтау схемасын өзгертуді, тұтыну көлемін ұлғайтатын жабдықты және қосымша газ жабдығын орнатуды және іске қосуды жүргізуге;

6) газ тұтыну көлеміне және оған ақы төлеуге (тұрып жатқандар санының өзгеруі, жылытылатын ауданның мөлшері, газ жабдығының қуаты) әсер ететін деректердің жай-күйі және болған өзгерістер туралы өнім берушіні жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Тұрмыстық тұтынушы болған өзгерістер және есепке алу аспабынсыз газды тұтыну, оның жарамсыз екені не газ жабдығының параметрлеріне сәйкес келмейтіндігі туралы хабарламаған жағдайда, тұтынылған газдың көлемі өнім берушіде бар деректер бойынша есептеледі. Бұл ретте газ үшін қайта есептеулер тұрмыстық тұтынушы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тиісті өтінішті берген сәттен бастап жүзеге асырылады;

7) осы Шарттың талаптарына сәйкес газды оның тікелей мақсатына қарай ұтымды пайдалануға;

8) паспорт деректеріне сәйкес оны пайдалану мерзімінен асып кеткен кезде, газ жабдығын ауыстыру бойынша шаралар қабылдауға;

9) пломбаның зақымданғаны немесе бүтіндігінің бұзылуы, есепке алу аспабының ақауы немесе тоқтауы анықталған кезде газ тарату ұйымына немесе топтық резервуар қондырғысының иесіне осындай ақаулық анықталған немесе бұзылған күні осы факт туралы дереу хабарлауға міндетті.

11. Өнім беруші:

1) уақытылы және толық мөлшерде газ үшін ақы алуға;

2) газдың тұтынылуын есепке алуды жүзеге асыруға;

3) кранды қосатын жерден жауып, одан әрі пломба салып немесе тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, дәнекерлеу үшін ажырату арқылы газ беруді тоқтату үшін негіз болған себептерді жойғанға дейін тұрмыстық тұтынушыға газ беруді мына жағдайларда тоқтатуға:

тұрмыстық тұтынушы пайдаланылған газ үшін ақы төлеу тәртібін бұзған кезде, қызметтер көрсетуді тоқтата тұрғанға дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар ете отырып;

тұрмыстық тұтынушыны кемінде күнтізбелік 5 күн бұрын мынадай жағдайларда:

– өнім берушінің техникалық шарттарын алмай-ақ газ желілерін қайта жабдықтағанда;

– өнім берушінің өкілдерін қатарынан екі есеп айырысу кезеңі бойы газ жабдығына, газ құбыры мен есепке алу аспаптарына (олар болған жағдайда) жібермеген жағдайда алдын ала хабардар ете отырып;

тұрмыстық тұтынушыны алдын ала ескертпей, мынадай жағдайларда:

– тұтынушы газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік талаптарын бұзса;

– газды заңсыз тұтынуға әкеп соққан газбен жабдықтау жүйесіне өз бетінше және/немесе заңсыз қосылса;

– газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің техникалық ақауы болса газ беруді тоқтатуға құқылы.

Газ беруді тоқтату (шектеу) туралы хабарлама тұтынушыға электрондық поштамен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиалық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлермен не хабрахаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

Тұрмыстық тұтынушыны газбен жабдықтауға қосу пайдаланылған газ үшін қарызды, тұрақсыздық айыбын және газбен жабдықтауды ажырату және қосу жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін ақы толық төлегеннен кейін жүргізіледі;

4) ажыратқанға дейін кемінде қырық сегіз сағат бұрын тұтынушыны алдын ала хабардар ете отырып газ құбырларындағы жөндеу-алдын алу жұмыстарын жүргізген кезде, сондай-ақ азаматтардың денсаулығына, өміріне, мүлкіне, қоршаған ортаға қауіп тудыратын авариялардың алдын алу және жою жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау үшін тұрмыстық тұтынушыға уақытша газ беруді тоқтатуға;

5) газ жабдығы, есепке алу аспабы, жылытылатын алаң, тұратын адамдардың саны, құрылыстардың бар-жоғы туралы мәліметтер, сондай-ақ газды есепке алу және газ тұтынуда көрсетілетін деректер алуға құқылы.

12. Тұрмыстық тұтынушы:

1) осы Шартта ескерілген, белгіленген сападағы газ алуға және пайдалануға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Шарттың талаптарына сәйкес газдың бағасы туралы ақпарат алуға;

3) есепке алу аспабы болмаған кезде алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізуге кеткен уақыттағы үзілістер үшін газға ақы төлеуді жүргізбеуге;

4) көп қабатты тұрғын үйдің сенімді тұлғасы арқылы кондоминиум объектісін басқару органы мен өнім беруші арасындағы ынтымақтастық шартын жасасуға;

5) өнім берушімен қағаз жеткізгіште шарт жасасуға құқылы.

4-ТАРАУ. Ақы төлеу тәртібі

13. Тұрмыстық тұтынушы газ үшін төлемді ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-не дейінгі мерзімде жүргізеді.

Смарт-картасы бар газды есепке алу аспабын пайдаланған кезде газ үшін ақы төлеу өнім берушінің шотына қажетті газ көлемінің құнын аудару жолымен жүргізіледі.

14. Есепке алу аспабының көрсеткіштерін өнім берушінің өкілдері тұрмыстық тұтынушымен бірлесіп ағымдағы айдың жиырмасынан кейінгі мерзімде алады. Пәтерде немесе жеке үйде тұратын тұрмыстық тұтынушының кінәсінен екі есептік кезең ішінде пәтерде немесе жеке үйде орналасқан есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде, өнім беруші тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабының нақты деректері бойынша кейіннен қайта есептеу арқылы көрсетілген кезең үшін газ тұтынуды тұтыну нормасы бойынша есептейді.

15. Есепке алу аспабының жарамсыз екені анықталған кезде тұтынылған газды есептеу соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейінгі, бірақ тұрмыстық тұтынушы жүргізген төлемді ескере отырып, екі айдан аспайтын кезең үшін қолданыстағы газ тұтыну нормалары бойынша жүргізіледі.

16. Тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабын тексеру мерзімі өткен жағдайда тұтынылған газ көлемі үшін есеп айырысу тексеру мерзімі өткен күннен бастап қолданыстағы тұтыну нормасы бойынша жүргізіледі. Есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша қайта есептеу тексерудің оң нәтижелері болған жағдайда, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі.

5-ТАРАУ. Тараптардың жауапкершілігі

17. Газ үшін ақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған тұрмыстық тұтынушы қарызды толық өтеген сәтке дейін әрбір мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының 1,5 еселік мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді, бірақ тұрақсыздық айыбының сомасы газ үшін ақы төлеу жөніндегі берешек сомасының он пайызынан артық болмауға тиіс.

18. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9936 болып тіркелген) *(бұдан әрі – Қағидалар)* 36-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтар кезінде өнім беруші Қағидалардың 47-тармағының 1) тармақшасына сәйкес газдың шығысын қайта есептеуді жүргізеді.

19. Өнім берушінің өкілі осы Шарт бойынша тұрмыстық тұтынушы жіберген бұзушылықтар туралы актіні екі данада ресімдейді, олардың бірі тұрмыстық тұтынушыға беріледі. Актіге техникалық құралдарды қолдана отырып, бұзушылықтар (фото – және/немесе бейнетіркеу) тіркелген жағдайда, тұрмыстық тұтынушы оған қол қоюдан бас тартса да акт жарамды болып табылады, бірақ ол туралы жазба жазылады.

20. Тараптардың өз міндеттемелерін орындамауына әкеп соқтырған еңсерілмейтін күш салдарынан (дүлей зілзалалар, апаттар, төтенше жағдай режимін енгізу, халықаралық шарттың қолданылуын бұзу/тоқтата тұру, газ тасымалдау жүйесіндегі авария) туындаған мән-жайлар себебінен осы Шарттың талаптарын орындамағаны үшін Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

6-ТАРАУ. Қорытынды ережелер

21. Шарт оны жасасқан сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және газ тұтыну жүйелерін пайдалану кезеңінде, ал есеп айырысулар мен қаржылық міндеттемелер бойынша – олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

22. Тұрмыстық тұтынушы өнім берушіні кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша хабардар еткен кезде және пайдаланылған газға төлемақы, төлем құжаттарында көрсетілген кезде – араласқаны, өз бетімен қосылғаны үшін өсімақы, есептеулер толық төленген жағдайда біржақты тәртіппен осы Шартты бұзуға құқылы.

23. Осы Шарттағы даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

7. Тараптардың заңды мекенжайы:

Жеткізуші:

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ
Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12-ғимарат
БСН 020440001144
ЖҰК ЖӨНЕЛТУШІ
Алматы өндірістік филиалы
Мекенжайы: 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» БО, Оңтүстік мұнара, 17-қабат
Телефон/факс 8 (727) 331 70 03
e-mail pr@almaty.ktga.kz
БСН 141241004421
Банктік деректемелер:
KZ22601013100026494 2
Банктің атауы: «Қазақстан Халық банкі»
БСК БИК HSBKKZKX
Алматы ӨФ директоры
_____
Сапаров А.Е.

Тұрмыстық тұтынушы:

Аты-жөні_____
Мекенжайы:_____
ЖСН_____
Телефон_____
e-mail_____
жеке куәліктің №_____
_____берілген

Тұрмыстық тұтынушы
Аты-жөні_____

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Алматы ақшамы»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Алматы ақшамы»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

2024 жылғы 7 маусым №2/225-669

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Мемлекет мұктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 27 ақпандағы №1/1-148:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 19 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

19	Лаврентьева Людмила Валентиновна, Лаврентьева Анастасия Георгиевна, Лаврентьев Виктор Георгиевич	20-321-072-1606	Алатау ауданы, «Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 2	жалпы – 0,0700 үлесі – 0,0525, үлесі – 0,0087, үлесі – 0,0088

»;

2) «Мемлекет мұктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № /370-518:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 1, 2 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын

«

1	Билетков Георгий Борисович	20-313-002-024	Бостандық ауданы, Манас көшесі, 34 А үй, 1-пәтер	жалпы – 0,1908, үлесі – 0,0954
2	Билетков Георгий Борисович, Билетков Алексей Георгиевич, Билетков Егор Георгиевич	20-313-002-024	Бостандық ауданы, Манас көшесі, 34 А үй, 2-пәтер	жалпы – 0,1908, үлесі – 0,0318, үлесі – 0,0318, үлесі – 0,0318

»;

3) «Мемлекет мұктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-536:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 5 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

5	Ибраева Альмира Тлеужановна	20-314-016-249	Сейфуллин даңғылы, 469/1 үй, 6-пәтер (Сейфуллин даңғылы, 473 үй, 6-пәтер)

»;

реттік нөмірі 9 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

9	Ямалетдинов Рауф Хайдарович, Иванов Вадим Анатольевич	20-314-016-000	Сейфуллин даңғылы, 473 В, 1-пәтер

»;

реттік нөмірі 11 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

11	Айтуова Лашын Серікқызы	20-314-016-000	Сейфуллин даңғылы, 473 В, 3-пәтер

»;

4) «Мемлекет мұктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 12 қазандағы №4/524-632:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 2 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

2	Самахунов Ильдар Ибраимджанович, Самахунова Гульбостан Юсуповна	20-321-059-127	«Ақбұлақ» шағынауданы, Сыздықов көшесі, 18-үй	жалпы – 0,1624, үлесі – 0,0812

»;

реттік нөмірі 5, 6, 7 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

5.	Доронкин Игорь Николаевич	20-321-059-250	«Ақбұлақ» шағынауданы, Сыздықов көшесі, 26-үй	0,0793
6.	Ошуров Абдулжан Кивирович	20-321-059-280 (20-312-952-280)	«Ақбұлақ» шағынауданы, Сыздықов көшесі, 20-үй	0,0800
7.	Савченко Виталий Николаевич	20-321-059-287 (20-312-952-287)	«Ақбұлақ» шағынауданы, Сыздықов көшесі, 26 А үй	0,0774

»;

реттік нөмірі 9 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

9	Дмитриева Мадина Викторовна	20-321-059-420	«Ақбұлақ» шағынауданы, Сыздықов көшесі, 16-үй	жалпы – 0,1941 үлесі – 0,0441

»;

келесі редакциядағы реттік нөмірі 11 жолмен толықтырылсын:

«

11	Насыров Алимжан Ахметович	20-321-059-127	«Ақбұлақ» шағынауданы, Сыздықов көшесі, 18-үй	жалпы – 0,1624, үлесі – 0,0812

»;

5) «Мемлекет мұктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 29 ақпандағы №1/1-86:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 26 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

26	Аманбеков Ербол Кенесбекович	20-315-029-766	Жиенқұлова көшесі, 29 А үй	0,0626

»;

реттік нөмірі 32 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

32	Ерольская Ольга Зиновьевна	20-315-029-115	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 77-үй	жалпы – 0,0798 үлесі – 0,0183

»;

реттік нөмірі 46 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

46	Седышева Вероника Анатольевна	20-315-029-768	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 14-үй	жалпы – 0,0406 үлесі – 0,0203

»;

реттік нөмірі 72 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

72	Доля Надежда Ивановна	20-315-029-394	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 37-үй	0,0212

келесі редакциядағы реттік нөмірі 93 жолмен толықтырылсын:

«

93	Бекмухамедова Халида Якубовна	20-315-029-205	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 97-үй, 2-пәтер	жалпы – 0,0669 үлесі – 0,0397

»;

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Е.ДОСАЕВ.**

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 7 тамыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 1063 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді **«Lemon LOMBARD» ЖШС** мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе **lemon@lmn.kz** электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 8 шілде, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 117 90 10** телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 7 тамыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А,1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 559 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді **«Lemon Land Lombard» ЖШС** мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-кеңсе немесе **land@lmn.kz** электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 8 шілде, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 100 90 10** телефоны бойынша алуға болады.

«ЗАҢГЕР» коллекторлық агенттігі» ЖШС сенімді тұлғасы сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды

Жылжымалы мүлікті сату бойынша: ойын жабдықтары, балалардың ойын-сауық саябақтарына арналған аттракциондар, 149 (жүз қырық тоғыз) бірлік, мекенжайларда орналасқан. Осы хабарландыру берілген күнге кепіл заттарының орналасуы:

«Mega Park» СОО (Алматы қ., Мақатаев көшесі, 127/1), «MegaSilkWay» СОО (Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 62). Ауыртпалықтар бар. Лоттың бастапқы құны (ойын жабдықтары, балалардың ойын-сауық саябақтарына арналған аттракциондар): 297 391 938 (екі жүз тоқсан жеті миллион үш жүз тоқсан бір мың тоғыз жүз отыз сегіз) теңге.

Көтеру қадамы: 14 869 596,9 (5%).

Кепілдік жарнаның теңгедегі мөлшері: 14 869 596,9 теңге (5%).

Сауда-саттыққа қатысу үшін:

1. Кепілдік жарнаны төлеу және төлемнің құжаттарын ұсыну, немесе лоттың бастапқы бағасы сомасына ашық кредиттік желінің болуы туралы банктен анықтама ұсыну. Несие желісі сауда-саттық өтетін күнге дейін 2024 жылғы 21 маусым дейін ашық болуы тиіс.

2. Құжаттарды ұсына отырып, сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру.

3. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінімді берудің соңғы мерзімі 2024 жылғы 21 маусым, сағат 10.00-ге дейін.

Кепілдік жарнаның бар екендігін растайтын құжаттар болмаған немесе лоттың бастапқы бағасы сомасына кредиттік желі ашылмаған жағдайда үміткер сауда-саттыққа қатысуға жіберілмейді.

Кепілдік жарнаны аудару үшін шоттың деректемелері:

БСН 201 240 013 220, ЖСК KZ7096502F0013318045 «Forte Bank» АҚ, БСК IRTYKZKA, банктің БСН 980341000286.

Кепілдік жарнаны төлеугенге дейін шотты төлеу жөніндегі деректерді өзектендіру үшін сенімді тұлғамен байланысу қажет.

Сауда-саттық нысаны: бағаны көтеру аукционы.

Сауда-саттыққа қатысу: Қоғамдық сауда-саттық.

Өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні: 2024 жылғы 21 маусым, сағат 10.00.

Сауда-саттықтың басталу күні мен уақыты 2024 жылғы 21 маусым, сағат 10.00.

Аукционды өткізу орны: Алматы қаласы, Мәметова көшесі, 54, coworking Fifty Four, 4-қабат, 15-бөлме.

Сауда-саттық заты үшін сатып алу бағасы жоғарыда көрсетілген шотқа сауда-саттық өткізілген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде толық көлемде төленеді.

Сенімді тұлғаның байланыс ақпараты: Салханов Талғат, Алматы қ., «Мамыр-7» ш/а., 8/5 үй, 5-кеңсе, e-mail: talga.kz@mail.ru, +7 708 375 19 94.

ALATAU AQPARAT

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың м.а. –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataý Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЖОБА

ЖАСТАРҒА ГРАНТ БЕРІЛДІ

Алматыда Zhasproject байқауының жеңімпаздарына 1 млн теңгенің сертификаты табысталды

Ернұр РЫСБАЙ

(Басы 1-бетте)

Жоба Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша азаматтық бастамаларды қолдау орталығымен және «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігімен бірге іске асырылуда.

– Жалпы, бұл жоба 4 ай көлемінде іске асырылады. Бүгін біз «Zhasproject» жобасының жеңімпаздарына 1 миллион теңге көлеміндегі сертификаттарды табыстадық. Олар осы уақыт арасында өздерінің арнайы аймақтарында кәсіпкерлікті іске асыратын болады. Жоба аясында біз қажетті құрал-жабдықтарды алып береміз. Сонымен қатар, жеңімпаздар 4 ай бойы әлеуметтік осал топтарға тегін қызмет көрсетуі қажет. Олардың жұмысын арнайы менторлар бағалайтын болады. Менторлар ай сайын жеңімпаздармен кездесу өткізеді. Бұл жылы грант иегерлері конкурстық комиссия арқылы анықталды, – деді «Түпқараған жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Наурызбек Мағдатов.

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Zhasproject жобасының қаржылық қолдауының арқасында 18 бен 34 жас аралығындағы жұмыссыз жастар өз бизнесін ашып, кәсіпкерлікте алғашқы қадамдар жасап, қоғамның дамуына өз үлестерін қоса алады.

Алматыда «Zhasproject» жобасының 2024 жылғы шағын гранттар конкурсының жеңімпаздарына сертификаттар табыс етілді.

МӘДЕНИЕТ

БАЛАЛАР КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Алматы қаласының Орталықтандырылған кітапхана жүйесі мен Қазақстан Республикасындағы Эстония Елшілігі арасындағы ынтымақтастық аясында «Қазақстан мен Эстония – оқырмандарға қадам» атты эстон авторларының балалар әдебиеті мен иллюстрацияларының кітап көрмесі өтті.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Іс-шарада эстондық балалар авторларының кітаптары, сонымен қатар оларға арналған иллюстрациялар қойылды. Сондай-ақ, «Лотте атты күшіктің оңтүстікке саяхаты» толықметражды мультфильмі көрсетілді.

– Қазақ-эстон балалар әдебиетінің бірлескен іс-шарасы көңілді қуантады. Мақсат – екіжақты мәдени ынтымақтастықты арттыру. Сонымен бірге, біздің жас оқырмандарды кітап әлеміне қызықтырып, ынтасын жақсарту. Сонымен қоса, қаламгерлер арасындағы өзара тәжірибені ұлғайту, – деді Эстония елшісінің ТМД бойынша көмекшісі Дмитрий Миронов.

С.Бегалин атындағы балалар кітапханасының мамандары балалар әдебиеті мен оқырмандары арасындағы байланысқа қатысты өз ой-пікірлерімен бөлісті.

– Біздің көрмеге Эстониядағы балалар әдебиетінің суреті, кітаптары сөрелерге қойылды. Негізгі ой – балалар әдебиетін насихаттау. Сондай-ақ, анимация көрсетілді, – деді кітапханашы Индира Әбдірова.

Суретті түсірген Юлия Кон

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Балаларды спорт секцияларына қабылдау тәртібі өзгерді

ҚР Туризм және спорт министрлігі балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларына мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеуі қағидаларына өзгерістер енгізгенін хабарлайды.

Рая ЕСКЕНДІР

Ата-аналар үшін маңызды ақпаратты біз де жария етіп отырмыз. Сонымен, бұдан былай балаларды түрлі спорт секциясына қабылдау кезегі ақпараттық жүйеде автоматты режимде жүргізілетін болды. Сондай-ақ, баланың және заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты, спорт секциясының түрі, өтініштің нөмірі мен уақыты, кезектегі реттік нөмірді қамтитын ақпараттық жүйе ұсынған мәліметтер негізінде бөлуге арналған орындардың тізімі қамтылады. Кезек барысында балалардың заңды өкілдерінің берген өтініші бойынша баланың жас шамасын ескеріледі. Ішкі істер органдарында есепте тұрған девиантты мінез-құлықты балалар басым тәртіппен ақпараттық жүйеде тіркеледі. Осы норманы қосу арқылы ережелер «Білім туралы» заңның 47-бабы 5-1-тармағына сәйкестендіріліп отыр. Бұдан бөлек, кезекте тұрған заңды өкілдердің өтінішті қайтарып алуына байланысты балалардың кезектен шыққан кезде алға қарай жылжуы көзделеді.

Сондай-ақ, кезекте тұрғандардың өзара орын ауыстыруына жол берілмейді. Мұндай түзетулер нормативтік құқықтық актіні ақпараттық жүйенің қолданыстағы функционалына сәйкес келтіру үшін енгізіліп отыр. Мәселен, қазір іс жүзінде кезекте баланың және заңды өкілінің аты-жөні, өтініштің берілген күні, спорт секциясының түрі, кезектегі реттік нөмірі көрсетіледі.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ	€ EUR/KZT 487,23 теңге	$ USD/KZT 447,37 теңге	₽ RUB/KZT 5,04 теңге	¥ CNY/KZT 61,78 теңге